ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

29 қараша
МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

АЛАТАУ айғағы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады


info@alatauaraiy.kz
www.alatauaraiy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 125 (574) // 14 қараша // сенбі // 2026 жыл

● ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

БЕЛАРУСЬ ЕЛІМЕН БАЙЛАНЫС



Сүретті түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

Облыс әкімі Шыңғыс Әрінов Беларусь Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Алексей Богданов пен Алматы қаласындағы Бас консулы Денис Мелешкинмен кездесті. Басқосу барысында Алматы облысы мен Беларусь арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды дамыту, инвестиция тарту және бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Кездесуді ашқан аймақ басшысы Қазақстан мен Беларусь арасындағы дипломатиялық байланыстың орнағанына биыл 34 жыл толғанын атап өтіп, екі ел арасындағы қарым-қатынас стратегиялық әріптестік пен өзара сенім негізінде дамып келе жатқанын жеткізді. Әкімнің айтуынша, бүгінде өндірістік, технологиялық және инвестициялық мүмкіндіктерді біріктіруге жол ашатын экономикалық ынтымақтастықтың маңызы артып отыр.

– Алматы облысы – экономикасы қарқынды дамып келе жатқан аграрлық-индустриялық бағыттағы өңір. Соңғы жылдары облыс өзінің экономикалық позициясын едәуір нығайтып, жалпы өңірлік өнім көлемі бойынша еліміздегі жетекші бес өңір қатарына енді. Өңірдің негізгі артықшылықтарының қатарында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ауқымды көлемі, бай минералдық шикізат базасы, дамыған өнеркәсіптік әлеуеті, индустриялық аймақтары мен инфрақұрылымы бар. Аграрлық және өнеркәсіптік әлеуеті зор, инфрақұрылымы дамыған әрі жаңа өндіріс орындарын орналастыруға мүмкіндігі мол. Соңғы жылдары облыс экономикалық позициясын нығайтып, жалпы өңірлік өнім көлемі бойынша еліміздің жетекші бес өңірінің қатарына енді. Біз Беларусь компанияларының өңіріміздің нарығына шығуымен қатар, оны ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын алаң ретінде қарастыруына мүдделіміз. Өзара қызығушылық ынтымақтастығымызды жаңа практикалық деңгейге көтеретініне сенімдімін. Облыс аумағында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Алатау қаласы құрылды. Жаңа шаһардың жалпы аумағы 89 мың гектарды құрайды. Беларусь инвесторларын қаланы дамытуға үлес қосуға шақырамыз. Инвесторлар үшін салықтық преференциялар мен басқа да қолдау шаралары қарастырылған. Біз үшін Беларусь Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырады.

(Соңы 2-бетте)



ТЕҢГЕ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

3 бет

Қазақстанда 15 қарашада ұлттық валюта – Теңге күні аталып өтеді. Қолданысқа енгізілген кезеңнен бастап ұлттық валюта мемлекеттік тәуелсіздіктің маңызды символы ғана емес, сонымен қатар елдің қаржы жүйесінің негізіне айналды. Бүгінде ел экономикасының алында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету, цифрлық қаржы құралдарын дамыту және алаяқтыққа қарсы әрекет ету сынды маңызды міндеттер тұр.

ҚҰЛМАМБЕТТІҢ ҚҰЛЫНЫ

4 бет

Адам ғұмырының ұзақтығы жылмен өлшенбейді екен. Оның шын өлшемі – соңында қалдырған ізі, ел жүрегіндегі орны. Біреу ұзақ жасап, ұмыт қалады. Енді бірі қамшының сабындай қысқа ғұмырында тұтас бір дәуірдің жүгін арқалап кетеді. Менің бала күнгі досым, оқушы кезде айтыс сахнасында сан рет сөз таластырған құрдасым Оразалы Досбосынов сондай сирек жараты лған жанның бірі еді.

Газетіміздің апта ішіндегі ең маңызды жаңалықтарды қамтыған бейнешолуын YouTube парақшамызға тіркеліп, мына QR-код арқылы көре аласыздар:

Жаңғырық 5 бет



Президент ұлықтаған ардагер ескерусіз қала ма? 6 бет



Талғардан шыққан чемпион 8 бет

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Отбасылық кәсіп – ортақ нәсіп

Шамалған ауылының тұрғыны Ермек Ықыласов отбасының қолдауының арқасында «Golden Maken» компаниясын құрып, жиһаз өндірісін жолға қойды. Бұл өнімдер Қазақстанға танымал брендке айналды. Мұның өзі өнім сапасы мен ассортиментінің молдығын аңғартады.





● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Бір қызығы, Ермек – отбасындағы жеті баланың кенжесі. Оның кәсібін бастауына ағасы Ержан, әпкелері Шолпан, Гүлмира және басқа да туыстары қолдау көрсетті. Олар көп жыл бұрын Жамбыл облысындағы Луговой стансасынан Шамалған ауылына қоныс аударған. Алғашында саудамен айналысқан олар кейін өздерінің отбасылық кәсібін ашуды ұйғарды.

– Он жылға жуық уақыт бойы тек жиһаз сатумен айналыстым, ал 2014 жылдан бастап жиһаз өндірісін жолға қоя бастадым, – дейді Ермек. – Кәсіпті бастауына 2008 жылы Шамалған ауылынан көлемі бір гектар болатын жер телімін сатып алуымыз негіз болды. Осы жерде жалпы аумағы 4 мың шаршы метр өндірістік база құрылды. Жұмысты өз қаражатымызға бастадық. Біраз уақыттан кейін «Даму» қорының қолдауының арқасында өндірістік құрал-жабдықтар сатып алып, кәсібімізді одан әрі дамытуға мүмкіндік туды. 2016 жылы жеңілдетілген несие беру бағдарламасы аясында «Даму» қорының қолдауын екінші рет пайдаландық. Бұл қаржы қажетті құрал-жабдықтарды сатып алуға және айналым қаражатын толықтыруға мүмкіндік берді. 2025 жылы өндірісті жаңғырту үшін тағы да мемлекеттік қолдауға жүгіндік. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының «Өрлеу» бағдарламасы аясында Bereke Bank арқылы 12,6 пайыздық мөлшерлемемен жеңілдетілген несие алдық. Сондықтан мемлекеттік қолдаудың кәсібіміздің қалыптасып, дамуына тигізген ықпалы өте зор болды, – дейді кәсіпкер.

Бүгінде кәсіпорында 25 адам еңбек етеді. Бірі шикізат дайындаумен айналысса, енді бірі ағаш өңдейді. Басқалары түрлі бөлшектер дайындап, дизайнмен және бұйымдарды көркем безендірумен айналысады.

Отбасының мүшелері Шолпан мен Гүлмира жеке тапсырыстарды қабылдап, бухгалтерлік есепті жүргізеді, ұйымдастыру мәселелерін шешеді. Ал өндірісті Ержан басқарады. Осылайша шағын отбасылық кәсіп сенімді түрде дамып келе жатқан, алда әлі талай қызықты жоспары бар компанияға айналды.

Өндірісте табиғи ағаш, ламинацияланған ағаш-жаңқа тақталары, орташа тығыздықтағы ағаш талшықты тақталар, сондай-ақ полиакрилонитрил талшықтары негізіндегі жеңіл әрі жұмсақ синтетикалық материал – акрил қолданылады. Әртүрлі ағаш түрлерін өздері дайындайды. Әсіресе қарағашқа басымдық беріледі. Мұнда ағаштар кептіріліп, бұтақтары мен бұдыр-сіңірлерінен тазартылады, өңделіп, жиһаз жасауға жарамды күйге келтіріледі. Матрастардың басым бөлігі Ресейден әкелінеді, ал түрлі маталар осы төңіректегі сауда орындарынан сатып алынады.

Өндірісте негізінен – ресейлік, қытайлық және италиялық технологиялар қолданылады. Жиһаздың жаңа үлгілерін әзірлеумен кәсіби конструкторлар мен дизайнерлер айналысады. Олар заманауи үрдістер мен сұранысты ескере отырып, сан алуан пішіндер мен стильдерді ұсынады. Мұнда өнімнің сапасы жоғары болғанымен, өзіндік құны салыстырмалы түрде төмен болатындай етіп ұйымдастырылған. Сондықтан тауар бағасы да қолжетімді.

Golden Maken компаниясының СТ-KZ индустриялық сертификатының болуы да маңызды. Сонымен қатар компания Қазақстанның тауар өндірушілер тізіліміне енгізілген. Бұл кәсіпорынның Қазақстан аумағында өнім өндіретін отандық тауар өндіруші мәртебесін растайды.

Ассортиментке келсек, оның түрі өте көп. Мұнда үстел, орындық, кереует, диван, жылжымалы есікті шкафтар, балалар сырғанақтары, жатын бөлме, асүй және кіреберіс жиһаздары, басқа да заттар өндіріледі.

Дайын жиһаздар Алматы қаласындағы «ARMADA» сауда кешеніне және Қазақстанның басқа да сауда орындарына сатылымға шығарылады. Сонымен қатар Golden Maken Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Германия елдеріндегі серіктестерімен іскерлік байланыс орнатқан.

Ермектің айтуынша, ең бастысы – адал еңбек етіп, өз кәсібіңді одан әрі дамыту. Сондай-ақ өнімнің өзіндік құнын дұрыс есептеп, шығындарды тиімді басқару маңызды. Дәл осы қасиеттер кәсіпті тұрақты ұстап, бәсекеге қабілетті болуға көмектеседі.

Қарасай ауданы

БЕЛАРУСЬ ЕЛІМЕН БАЙЛАНЫС

(Басы 1-бетте)

– Беларусьте «Ұлы тас» индустриялық паркі, «Брест», «Гомель-Ратон», «Могилев» және басқа да еркін экономикалық аймақтар табысты жұмыс істеп жатқанынан хабардармыз, – деген аймақ басшысы өзара сауда және өнеркәсіптік кооперация мәселелеріне де тоқталды.

Ұсынылған мәліметтерге сүйенсек, Алматы облысы мен Беларусь арасындағы тауар айналымы 40,6 миллион АҚШ долларын құраған. Бүгінде өңірде Беларусь капиталының қатысуымен 11 кәсіпорын және ортақ меншік нысанындағы тағы бес кәсіпорын жұмыс істейді. Аймақ басшысы бұл бағыттағы жұмысты жандандырып, Беларусь компанияларының қатысу аясын кеңейту және өндірістерді жергіліктендіруге жағдай жасау қажеттігін атап өтті. Экономикалық әріптестік тек тауар айналымын арттырумен шектелмей, бірлескен кәсіпорындар құру, жаңа жұмыс орындарын ашу және өңдеу өнеркәсібін дамыту арқылы көрініс тапқаны маңызды екенін айтқан әкім инвесторларға қажетті қолдау көрсетіп, перспективалы жобалардың жүзеге асуына жәрдемдесуге дайын екенін жеткізді.

Одан әрі жалғасқан кездесуде Шыңғыс Сайранұлы Витебск пен Алматы облыстары арасындағы 2027–2029 жылдарға арналған Жол картасы шеңберінде ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүдделілік танытқаны үшін Александр Рогожникке алғыс білдіретінін айтты. Қазіргі уақытта Алматы облысында беларусь этносының 1 188 өкілі тұратынын, Талғар ауданында «Беларусь мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы жұмыс істейтініне қонақтардың назарын аударды.

Сөз кезегін алған Беларусь Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Алексей Богданов облыс әкімінің жаңа қызметіне табыс тілеп, Қазақстанның оңтүстігі үшін өңірдің стратегиялық маңызын ескере отырып, кездесуге арнайы келіп отырғанын айта келе, сауда және тағы бірқатар сала бойынша екіжақты ынтымақтастықты дамыту жөніндегі ой-пікірін ортаға салды. Елшінің айтуынша, делегация өңірге дипломатиялық деңгейде ынтымақтастық перспективаларын талқылау үшін ғана емес, өз еліндегі кәсіпорындардың мүмкіндіктерін таныстыру мақсатында келгенін хабардар етті. Делегацияның құрамында өз технологияларын, жабдықтары мен өндірістік тәжірибесін ұсынуға дайын кәсіпорындардың өкілдері келіп отырғанын, перспективалы бағыттардың бірі сүтті мал және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу екенін айтты. Сонымен қатар су тазарту, коммуналдық желілердің энергия тиімділігін арттыру, ауыл шаруашылығы техникасы мен фармацевтикалық өнімдерді жеткізу салаларындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін де ұсынды.

Басқосуда сауда мәселелеріне және қазақстандық тауарлардың ішкі нарықтағы үлесін арттыруға қатысты ұсыныстар да талқыланды. Бұл бағыттағы бастамалардың бірімен «Belostan kz» ЖШС меншік иесі Андрей Круговых он жылдан астам уақыт Қазақстанға беларустік өнімдерді жеткізіп жүргенін, барлық облыста ұн, қант, жұмыртқа, макарон өнімдері, шай, қарақұмық, күріш, тұз және басқа тауарлар сатылатын жаңа дүкендер желісі ашылатынын айтты. Басты ерекшелігі – тауарлар үстеме бағасыз саудаланатыны. Сонымен қатар дүкендерде шамамен 40 пайыздай қазақстандық өнімдерді сату жоспарлануда.

– Біз бұл бағытты тереңірек пысықтап, әлеуметтік маңызы бар тауарларды сатып алушылар үшін одан әрі қолжетімді етуді ұйғардық. Жергілікті фермерлермен және қазақстандық өндірушілермен ынтымақтастық орнатуға ашықпыз, олармен барынша төмен үстememен жұмыс істеуге дайынбыз. Делдалдар санын қысқарту маңызды. Сонда отандық өнім тұтынушыға неғұрлым қолжетімді бағамен жетеді, – деді Андрей Круговых.

Кездесуді қорытындылаған Шыңғыс Сайранұлы Алматы облысы Беларусь Республикасымен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге дайын екенін атап өтіп, бұл ретте облыс әкімдігі тарапынан қажетті қолдау көрсетілетінін жеткізді.

БРИФИНГ

ЖҮЙЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ НӘТИЖЕСІ

Райымбек ауданы шығысында Қытай Халық Республикасымен, оңтүстік-батысында Қырғызстанмен, солтүстігінде Үйғыр, батысында Кеген ауданымен шекараласады. Құрамына 11 ауылдық округ, 20 елдімекен кіретін аудан экономикасының негізгі тірегі – ауыл шаруашылығы. Аталмыш саланы дамытумен қатар өндіріс көлемін арттыру бағытында жүзеге асырылып жатқан ілкімді істер мен толымды тірліктер жайлы аудан әкімі Дастан Құдабаев өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында БАҚ өкілдерін хабардар етті.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Аудан басшысының сөзіне сүйенсек, өнеркәсіп өндірісі, ауыл шаруашылығы өнімдері, бөлшек және көтерме сауда айналымы, құрылыс жұмыстары және тартылған инвестиция көлемі 100 пайыздан асып отыр. Салық түсімдерінің жоспары 1 қазанға дейін 99,1 пайызға, оның ішінде жергілікті бюджетке түсетін кірістер 110,7 пайызға орындалған. Ірі қара, ұсақ мал, жылқы басы, құс саны арта түскен. Сонымен қатар ет пен сүт өндіру 100 пайыздан асса, жұмыртқа өндірісі 200 пайызға жуықтаған. 2106,6 га жайылымдық, 579,9 га егістік жер ауданның жер қорына қайтарылған. 752 га жер телімінің құжаттары сотқа жолданған. Жер қорына өткен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қайта айналымға енгізу үшін конкурс өткізіліп, 2 901,2 га жер 65 шаруа қожалыққа таратылған.

– Биыл аудан бойынша 42,1 мың га ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Ауыспалы егіс жүйесін енгізу және егіс алқаптарын әртараптандыру нәтижесінде дәнді дақылдардың көлемі 1 517 га ұлғайды. Суды көп қажет ететін дақылдардың үлесін кезең-кезеңімен қысқартып, олардың орнына су үнемдейтін әрі табыстылығы жоғары дақылдардың көлемін ұлғайту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар мал азығы қорын молайту мақсатында көпжылдық шөптердің көлемін сақтау және оңтайландыру, картоп сияқты жоғары табысты дақылдардың егіс көлемін арттыру бағытында жұмыстар қолға алынды. Орташа өнімділігі бойынша гектарына картоп 220,9, жаздық бидай 22,6, жаздық арпа 20,9 центнерді құрады. Биыл өткен жылмен салыстырғанда дәнді дақылдар мен картоптың егіс көлемі ұлғайып, егін жинау науқаны жоспарлы түрде аяқталды. Аудан көлемінде 6 мал бордақылау алаңы жұмыс істейді. Оның 5-еуі қой бордақылауға арналған. Сыйымдылығы 2 500 басқа дейін жетеді. 500 бас ірі қара мал бордақыланады. 9 балық өсіру бассейні қазылып, оның 2-еуінде жеке кәсіпкерлер өз жұмысын жүргізуде. Сонымен қатар омарта шаруашылығы бағытында 4 кәсіпкер жұмыс істеп, бал өндірісімен айналысуда. Көктемгі дала жұмыстарына бөлінген дизель отынын, 32 шаруа қожалығы 450,4 тонна, заңды тұлғалар 188 тонна алды. «Кең дала» бағдарламасы аясында ауданның 5 тауар өндірушісіне жалпы сомасы 101 млн теңге көлемінде несие берілді. Бұл бағдарлама шаруалардың айналым қаражатын толықтыруға, өндірістік шығындарын өтеуге және егін шаруашылығының тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік беруде, – деген Дастан Сұлтанмұратұлы «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде 23 ауыл шаруашылығы кооперативін құруға, 77 жеке кәсіпкерді қаржыландыруға жоспар бекітілгенін тілге тиек етті.

Аудан әкімі 3 684 кәсіпкерлік субъектісі тіркелгенін, биыл 24 азаматқа қайтарымсыз грант беріліп, өз кәсіптерін бастауға мүмкіндік жасалып, жаңа кәсіпкерлік нысандар ашылғанын, бүгінгі күнге дейін 137 пәтер сатып алынғанын айтты. Сонымен бірге педагог кадрлар тапшылығы жоғын, жаңа оқу жылында білім беру ұйымдарына 20 жас маман жұмысқа қабылданғанын, Қызылшекара ауылындағы Көдек Байшығанұлы атындағы орта мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жұмысының жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынғанын жеткізді.

Баяндамашының айтуынша, аудандық ауруханаңың стационар, емхана және шаруашылық ғимараттары, Текес, Қайнар, Шалкөде дәрігерлік амбулаториялары және Сүмбе ауылдық ауруханасы күрделі жөндеуді қажет етеді. Ол үшін құжаттар әзірленіп, облыстық денсаулық сақтау басқармасына хат жолданған.

Одан әрі әңгіме жібін сабақтаған Дастан Құдабаев әлеуметтік қорғау, спорт, құрылыс, туризм салалары бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Сонымен қатар халықты жұмыспен және ауызсумен қамту, жол салу мен жөндеу, абаттандыру бағытындағы жүзеге асырылған игілікті істер жайына журналистердің назарын аударды.

Әкімнің баяндамасында аталған ауқымды жұмыс – бір күндік емес, жүйелі еңбектің нәтижесі. Ауданның инфрақұрылымы дамып, ажары айшықталып, жаңа нысандардың пайдалануға берілгенін көру – тұрғындар үшін жағымды жаңалық. Сондай-ақ аудан орталығы мен ауылдық округтерде тұрғын үй құрылысының қарқын алуы көңіл қуантады. Әсіресе баспанаға мұқтаж жандар үшін үлкен мүмкіндік болмақ. Ауданның дамуы қағаз жүзіндегі есеппен емес, көзге көрінетін нәтижемен өшенеді. Шекаралық өңірдің дамуына бағытталған бастамаларды жүзеге асыру жұмысының басты өлшемінің бірі болғандықтан, әкімге зор жауапкершілік пен табандылық қажет. Өйткені оның қабылдаған әрбір шешімі ауданның болашағы мен тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне әсер етеді. Осы орайда өзіне жүктелген жұмыстардың нәтижесін нақты іс-әрекетімен көрсетіп жүрген Райымбек ауданының әкімі Дастан Сұлтанмұратұлына қояр журналистердің де сауалы көп болды. Әрбір сұраққа тыңғылықты жауап берген өңір басшысының сөзінен шекаралы аймақтың болашағы зор екенін бағамдадық.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ!

АҚЫНМЕН ҚОШТАСТЫ

Жамбыл ауданында қазақтың белгілі айтыскер ақыны, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Алматы облысы мен Жамбыл ауданының Құрметті азаматы Надежда Лушниковаңы туған ел-жұрты соңғы сапарға құрметпен шығарып салды.

● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Қаралы митинг Надежда Андреевнаның келін болып түскен Үмбетәлі ауылында, сондағы өзі ұзақ жыл қызмет еткен Үмбетәлі Кәрібаевтың әдеби-мемориалдық музейінің алдында өтті. Жиынды Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертас жүргізіп, марқұмның қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына қосқан өлшеусіз үлесін атап өтті. Қаралы жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Қанат Есболатов сөз алып, Надежда Лушниковаңың қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Премьер-Министрдің бірінші орынбасарының және облыс әкімі Шыңғыс Әріновтің көңіл айту жеделхаттарын оқып берді.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің орны толмас қайғысына сонымен қатар Мәдениет және ақпарат министрінен, басқа да лауазымды тұлғалардан көңіл айтулар келді. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Бейбіт Сарыбай ел қаламгерлерінің ниетін жеткізді. Сондай-ақ облыстың және ауданның Құрметті азаматы Әскербек Абаев, елге танымал Амантай қажы марқұмның елге сіңірген еңбегіне тоқталды.

Саналы ғұмырын қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға, айтыс өнерін дамытуға және ұлттық руханиятты дәріптеуге арнаған Надежда Лушникова 40 жылдан астам ұстаздық етіп, бірнеше буын шәкірт тәрбиелеген. Қазақ халқының аяулы қызына айналған ардақты тұлға Үмбетәлі ауылындағы мұсылман қорымына арулап жерленді. Оның жарқын бейнесі мен өнегелі өмір жолы ел жадында мәңгі сақталады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Жамбыл ауданы

15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ



ТЕҢГЕ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстанда 15 қарашада ұлттық валюта – Теңге күні атап өтіледі. Қолданысқа енгізілген кезеңнен бастап ұлттық валюта мемлекеттік тәуелсіздіктің маңызды символы ғана емес, сонымен қатар елдің қаржы жүйесінің негізіне айналды. Бүгінде ел экономикасының алдында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету, цифрлық қаржы құралдарын дамыту және алаяқтыққа қарсы әрекет ету сынды маңызды міндеттер тұр. Қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Қазақстан Ұлттық банкі Алматы облыстық филиалының директоры Әсет МҰСТАФИНМЕН сұхбаттасқан едік. Әңгіміміз ұлттық экономикалық үдерістер жайында өрбіді.

– Әсет Жапарұлы, еліміздегі қазіргі макроэкономикалық жағдаят өңірімізге қалай әсер етеді? Ұлттық банктің жергілікті жерлердегі басты бағыттары туралы да айта кетсеңіз.

– Ұлттық банктің басты стратегиялық міндеті өзгеріссіз қалады. Бұл – баға тұрақтылығын қамтамасыз ету, яғни инфляцияны тежеу. Біз үшін маңыздысы – бағаның өсуі халықтың табысынан аспауы қажет.

Өңір туралы айтар болсақ, мұнда теңгерімді динамиканы байқаймыз. Экономика сыртқы және ішкі факторларға бейімделуде. Біздің филиал ретіндегі міндетіміз – макрокөрсеткіштерді кабинеттен бақылап қана қоймай, жағдайды көзбен көріп, шынайы бағамдау. Өңірлік нарыққа зер салып, азық-түлік қауіпсіздігі, жергілікті есеп пен төлемдер инфрақұрылымы қаншалықты тұрақты жұмыс істеп жатқанына баса назар аудару. Біз ақша-кредит саясатының серпіні әрбір ауданға жетуі үшін бұл жұмысты орталық аппаратпен және жергілікті атқарушы органдармен тығыз үйлестіреміз.

– Қаржы жүйесінің дамуындағы жаңа бағыттардың бірі цифрлық теңге екені анық. Бұл формадағы ақша үйреншікті қолма-қол ақшамен салыстырғанда қолдану бойынша қандай да бір шектеулерге ие ме?

– Жоқ. Сандық теңге қарапайым қолма-қол ақшамен салыстырғанда қолдану бойынша ешқандай шектеулерге ие емес, себебі ол ұлттық валютаның толыққанды нысаны саналады. Бір сандық теңге басқа нысандардағы бір теңгеге тең. Онымен төлем жасауға, аударуға, сондай-ақ қолма-қол немесе қолма-қол емес ақшаға айырбастауға болады. Қолма-қол, қолма-қол емес немесе сандық нысанды таңдау тұтынушының өз еркінде.

«Бағдарламаланатын» төлемдер туралы айтар болсақ, олар белгілі бір мақсатта жүзеге асырылады. Бұл азаматтардың операцияларына қатысты емес, заңды тұлғалардың жекелеген төлем түрлеріне байланысты жүргізіледі. Мысалы, бюджеттік қаражатты пайдаланған кезде мемлекет төлемші ретінде олардың мақсатты тағайындауын белгілейді.

Азаматтардың сандық теңгедегі жеке қаражаттары ешқандай шектеулерге жатпайды. Сонымен қоса олардың жұмсалу шарттары белгіленбейді.

– Жинақтарды сақтау және азаматтарды шамадан тыс қарыз жүктемесінен қорғау мәселесі бүгінде ерекше өзекті. Ұлттық банк теңгелік жинақтарды қолдау және тұтынушылық кредит беруді реттеу бойынша дәйекті жұмыс істеп келеді. Бұл шаралар біздің облыс тұрғындарына қалай әсер етеді?

– Біз теңгелік депозиттердің кірістілігі халық үшін тиімді екенін көріп отырмыз. Бұл – ақша-кредит саясатының саналы қадамы. Салым бойынша жоғары пайыз адамдарды қаражатын импорттық тауарларға жұмсауға емес, жинақтауға ынталандырады, бұл инфляцияны тежеуге тікелей көмектеседі. Біздің өңірдің тұрғындары сенімді депозиттерді ұлттық валютада сақтауды жиі таңдайды. Өйткені тұрақтылық капиталды қорғауға зор мүмкіндік береді.

Тұтынушылық несиелеуге келетін болсақ, мұнда азаматтардың шамадан тыс борыштық жүктемесін болдырмауға басымдық беріледі. Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бірлесіп, қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін бағалау талаптарын үнемі жетілдіріп отырады. Кредит адамдардың маңызды өмірлік міндеттерін шешуге қызмет етуі тиіс. Алайда отбасыларда шамадан тыс қаржылық жүктеме болмауы керек. Осы ретте біз өңірдің қаржы жүйесінің тұрақты және орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін бақылап отырамыз.

– Банктік технологиялар дамығанымен, алаяқтық операциялар әлі де аз емес. Ұлттық банктің Антифрод орталығы екі жылдан бері осы бағытта жұмыс істеп келеді. Бұл қаржы алаяқтарымен күресуде қаншалықты тиімді?

– Бұл істе айтарлықтай нәтиже бар. Екі жыл ішінде Антифрод орталығы 200-ден астам қатысушыны біріктіріп, нақты уақыттағы деректер алмасу арқылы 124 млрд теңгеден астам қаражаттың ұрлануына жол бермеді.

Біз банктердің жауапкершілігін қатаңдаттық. Егер аударым «қара тізімдегі» алаяққа жасалса, ұйым клиентке залалды өтеуге міндетті. Бұғатталған қаражатты қайтару енді сотсыз жүзеге асады.

Реакция жылдамдығы бірнеше күннен лезде бұғаттауға дейін өсті. Байланыс операторлары мен криптопровайдерлер де жүйеге қосылды.

Алаяқтар жаңа алдау схемаларын үнемі ойлап тапқанымен, біз қаражаттың ұрлануын алдын ала анықтап, қауіптерді болдырмау үшін жасанды интеллект енгізіп жатырмыз.

– Сұхбатымыздың соңында Ұлттық валюта күнінде облыс тұрғындарына қандай кеңес айтқыңыз келеді? Қазіргі жағдайда жеке қаржыны басқаруда қандай мәселеге ерекше назар аудару қажет?

– Әрбір азаматтың қаржылық тұрақтылығының маңызды шарты жеке қаржыға жауапты қатынастың болуы. Осыған байланысты жинақ құрауда, отбасылық бюджетті ұтымды жоспарлауда және несиелерді рәсімдеу кезінде өз қаржылық мүмкіндіктеріңізді бағалауға зейін қою керек деп ойлаймын. Халықтың экономикалық сауаттылығын көтеру және шығыстарды жоспарлай білу қаржылық игіліктің маңызды факторлары саналады. Өз тарапымыздан біздің филиал өңірдің қаржы жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша істі жалғастырып, халыққа қажетті консультациялық қолдау көрсетуге дайын екенін айтқымыз келеді.

Еліміз үшін маңызды мереке қарсаңында облыс тұрғындарын және қаржы саласы мамандарын Ұлттық валюта күнімен құттықтаймын! Алматы облысындағы Ұлттық банк филиалының атынан баршаңызға қаржылық тұрақтылық, өркендеу және ертеңгі күнге сенімділік тілейміз!

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан – Ерзат АСЫЛ

ӘЛЕУМЕТ

Жұмыспен қамту – басты бағыт

Қарасай ауданында халықты жұмыспен қамту бағытында ауқымды жұмыс жүргізілуде. Бұл шаралар Қазақстан Республикасының 2024-2029 жылдарға арналған еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасын іске асыру аясында жүзеге асырылуда. Осы ретте атқарылып жатқан істер туралы Қарасай аудандық мансап орталығының басшысы Дулат Сансызбаев баяндап берді.

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Оның айтуынша, мансап орталығы аудан тұрғындарына жаңа мамандықтарды меңгеруден бастап, бизнесті гранттық қолдауға және тұрақты жұмыс орындарын құруға дейінгі кең мүмкіндік ұсынады. Мұнымен қатар жұмыспен қамтуды мемлекеттік қолдаудың кешенді белсенді шаралары қарастырылған. Соның ішінде ең алдымен бизнес-идеяларды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік гранттарды атап өтуге болады.

– 2026 жылы 400 АЕК, яғни 1 млн 730 мың теңге көлеміндегі грантты Қарасай ауданының 27 кәсіпкері алды. Ал «Бастау-бизнес» жобасы бойынша 352 адам оқудан өтті. Мемлекет тарапынан қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру сияқты қолдау шарасы да қарастырылған. Бұл – сұранысқа ие мамандықтар бойынша үш айлық курстар. Оқу барысында шәкіртақы төленіп, жол жүру шығындары өтеледі. 2026 жылы осы бағыт бойынша ауданның 93 тұрғыны оқытылды. Сондай-ақ «Жастар практикасы» бағыты да жүзеге асырылуда. Бұл мемлекеттік жұмыспен қамту шарасы оқу орындарының түлектеріне алған мамандығы бойынша алғашқы ресми еңбек тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік береді. Аталған бағдарламаға 101 жас маман жолданды. Бағдарлама 12 айға есептелген. Жалақы мөлшері кемінде 30 айлық есептік көрсеткішті (АЕК) құрайды. Оған 35 жасқа дейінгі азаматтар қатыса алады. Бірақ, оқу орнын аяқтағанына бес жылдан аспауы тиіс, – дейді Дулат Мұратұлы.

Жұмыс іздеушілер үшін «Күміс жас» жобасы да қарастырылған. Оның аясында зейнеталды жастағы, яғни 50 жастан асқан азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдем көрсетіледі. Бағдарламаның мерзімі – 36 айға дейін. Бұл ретте жалақының 70 пайызы субсидияланып, кейіннен 60 пайызға дейін төмендетіледі. Аталған шара аясында ауданда 53 адам жұмысқа орналастырылған.

Әлеуметтік жұмыс орындары бағыты да өз нәтижесін беруде. Бұл жерде қызметкердің жалақысының 35 пайызын мемлекет субсидиялайды, алайда оның мөлшері 24 АЕК-тен аспайды. Ал қалған 65 пайызын жұмыс беруші төлейді. Бағдарламаның мерзімі – 12 ай. Осы бағыт бойынша ауданның 49 тұрғыны жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар алдын ала біліктілікті талап етпейтін уақытша жұмыспен қамту түрі – бір жыл көлеміндегі қоғамдық жұмыстарға 622 тұрғын тартылды.

Алайда халықты еңбекпен қамтамасыз етудегі негізгі бағыт – азаматтарды тұрақты жұмыс орындарына орналастыру болып қала береді. Биыл тұрақты жұмыспен 1607 адам қамтылды.

Дулат Мұратұлының айтуынша, мансап орталығы – жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасындағы жай ғана делдал емес, азаматтарды қолдауға, еңбек әлеуетін дамытуға және халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін арттыруға бағытталған тиімді мемлекеттік тетік. Мұнда жүгінген әрбір азамат лайықты жұмыс табуға нақты мүмкіндік алады. Ал бұл өз кезегінде отбасын ойдағыдай қамтамасыз етіп, болашаққа сеніммен қарауға жол ашады.

Қарасай ауданы

Мәслихат депутаттығына кандидат ӘБДІҚАЙЫМОВ ЕРБҰЛАН



ЖАҢА ҚАЛАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ

Әр адамның өмірінде ел мен қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезінетін бетбұрысты сәттер болады. Мұндайда адам өткен жолын, алған білімі мен жинаған тәжірибесін таразылайды. Алатау қаласының қалыптасу кезеңінде мәслихат депутаттығына кандидат ретінде ұсынылуым – мен үшін дәл осындай сәт.

Бұл шешімді жеке мансабымның жалғасы немесе жоғары қызметке ұмтылыс деп қабылдамаймын. Мемлекеттік қызметте де, жеке кәсіпкерлікте де атқарған жұмысым аз емес. Өмір бойы жинаған білімім мен тәжірибемді қоғам игілігіне жұмсаудың, елдің дамуына өз үлесімді қосудың мүмкіндігі осы жол деп білемін. Азаматтың туған елі алдындағы парызы тек өз міндетін орындаумен шектелмеуі керек: әр адам шамасы жеткенше елдің өркендеуіне атсалысқаны жөн.

Бүгінде Алатау – Қазақстанның болашағына бағытталған ауқымды жобалардың бірі. Оның құрылуы ел экономикасын жаңа деңгейге көтеру, өндіріс пен инновацияны дамыту, халықаралық инвестиция тарту мақсатымен байланысты. Бұл – жай ғана жаңа әкімшілік аумақ емес, ғылым мен білімнің, кәсіпкерлік пен технологияның әлеуетін біріктіруге бағытталған маңызды қадам.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған жобаға артылатын үміт те, жүктелетін міндет те үлкен. Алатаудың жетістігін тек құрылыс қарқынымен немесе инвестиция көлемімен өлшеу жеткіліксіз. Оның шынайы табысы осында өмір сүретін адамдардың тұрмыс сапасынан, балалардың білім алу мүмкіндігінен, жастардың жұмысқа орналасуынан, кәсіпкерлердің еркін еңбек етуінен, қарт адамдардың жайлы өмірінен көрінуі тиіс. Қала қаншалықты заманауи болғанымен, тұрғындары сапалы ауызсуға, жарыққа, жылуға, жолға, мектеп пен медициналық қызметке қол жеткізе алмаса, оның дамуын толыққанды деп айту қиын.

Сондықтан қазір қабылданатын әрбір шешім ертеңгі күн үшін маңызды. Бүгін салынған жол, тартылған инженерлік желі, бекітілген даму жоспары қаланың ондаған жылдардан кейінгі келбетін айқындайды, ал қателікті түзету қыруар қаржы мен ұзақ уақытты қажет етеді. Демек, асығыстықтан гөрі жүйелікке, уақытша шешімнен гөрі ұзақ мерзімді жоспарға, әдемі есептен гөрі нақты нәтижеге басымдық бергеніміз абзал.

Жаңа қаланың іргетасы тек бетон мен темірден қаланбайды. Әрбір шешім ашық қабылданып, әр азаматқа тең мүмкіндік берілсе, кәсіпкердің құқығы қорғалып, тұрғындардың пікірі ескерілсе, Алатау сәулеттік тұрғыдан ғана емес, қоғамдық тұрғыдан да жаңа сипатқа ие болады. Бізге дәл осындай қала қажет.

Инженерлік-техникалық және ақпараттық жүйелер саласындағы білімім, құқық пен мемлекеттік басқару бағытындағы даярлығым дүниеге жүйелі көзқараспен қарауға негіз болды. Кез келген мәселені шешу үшін оның себебін анықтап, заңдық негізін зерделеп, қаржылық және ұйымдастырушылық мүмкіндігін бағалап, нақты нәтижеге жеткізу қажет. Мемлекеттік басқаруды, қала құрылысы мен коммуналдық саланы, кәсіпкерлік ортаны қатар таныған жылдарым бір ақиқатқа көз жеткізді: елдің дамуы жеке бағыттардың жетістігімен емес, олардың ортақ мақсат жолындағы үйлесімді жұмысымен өлшенеді.

Алатаудың экономикалық әлеуетін арттыруда өндіріс орындарын, логистикалық орталықтарды, инновациялық жобаларды дамыту маңызды. Инвестиция жаңа жұмыс орындарын ашуға, шағын және орта бизнестің өркендеуіне мүмкіндік береді. Ол үшін заң талаптарының баршаға бірдей қолданылуы, әкімшілік кедергілердің азаюы және әділ бәсеке қажет. Цифрлық шешімдер қалалық инфрақұрылымды басқарудың және мемлекеттік қызметтерді қолжетімді етудің тиімді құралына айналуға тиіс. Бюджет қаражатының жұмсалуы туралы ақпараттың ашықтығы азаматтардың сенімін арттырады. Экономика мен технологиямен бірге экологиялық жауапкершілік те қатар жүруі қажет: жасыл аймақтарды сақтау, қалдықтарды тиімді басқару, су мен энергияны үнемдеу – Алатаудың тұрақты дамуының шарттары.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал азамат» идеологиясы да осы жауапкершілікпен үндеседі. Адал еңбек, заңға құрмет, тәртіп, әділдік және ел игілігіне қызмет ету – өркениетті қоғамның берік негізі.

Мәслихат қызметін халықтың мүддесін білдірумен, қаланың даму жоспары мен бюджетін қараумен және атқарушы органдардың жұмысына бақылау жасаумен байланысты маңызды қоғамдық жауапкершілік деп түсінемін. «Ақ жол» демократиялық партиясының атынан кандидат ретінде ұсынылуым да бекер емес: кәсіпкерлікті қолдау, әділ бәсекелестікті дамыту, заң үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың мүддесін қорғау қағидаттары – менің де өмірлік ұстанымым.

Туған елге қызмет ету лауазыммен шектелмейді: білімін, қабілетін, тәжірибесін қоғам игілігіне жұмсау да елге деген құрметтің көрінісі. Біз қазір қандай инфрақұрылым саламыз, қандай қоғамдық орта қалыптастырамыз – мұның бәрі ертеңгі ұрпақтың өміріне әсер етеді. Өйткені әлеуеті зор, әділетті қоғам орнаған бұл мекенде ертең менің де ұрпағым өмір сүреді.

Президент Жолдауында кез келген реформаны іске асыру үшін заңдарды жетілдіру мен саяси институттарды нығайтудың өзі жеткіліксіз, ең алдымен қоғам санасы жаңғыруы қажет екенін атап өтті. Адал азамат болу – отаншылдық туралы айту ғана емес, оны нақты іспен дәлелдеу. Президенттің Қазақстанды бірлігі бекем, Әділетті әрі Өркениетті мемлекет ретінде көру туралы тілегі біздің ортақ мақсатымыз болуы керек. Оған жетудің нақты жолдарының бірі – әр өңірде, әр қалада әділдік қағидаттарын орнықтыру. «Мен ұлтымыздың көшін алға бастай алатын отаншыл азаматтарға зор үмітпен қараймын» деген Президент сөзі әрбірімізге үлкен жауапкершілік жүктейді.

Бүгінгі адал еңбегіміз, жауапты шешімдеріміз бен жасампаз істеріміз – келер ұрпаққа қалдыратын ең құнды мұрамыз. Менің азаматтық ұстанымым да, мәслихат депутаттығына барудағы басты мақсатым да – осы ғана.

Алатау қаласы

Үгіт материалын шығарған ұйым: «Өлке тынысы» ЖШС, «Алатау арайы» газеті, Қонаев қаласы. Таралымы 12000 дана. Тапсырыс беруші: Ербұлан Әбдікайымов, Алатау қаласынан мәслихат депутаттығына кандидат. Материалдар республикалық бюджет есебінен қаржыландырылды.



Кандидат в депутаты маслихата АБДЫКАИМОВ ЕРБУЛАН

НОВЫЙ ГОРОД ТРЕБУЕТ ОСОБОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

В жизни каждого человека бывают переломные моменты, когда он остро чувствует ответственность перед страной и обществом. В такие минуты мы оглядываемся на пройденный путь, взвешиваем знания, опыт и сделанное. Мое выдвижение кандидатом в депутаты маслихата в пору становления города Алатау стало для меня именно таким моментом.

Я не рассматриваю это решение как продолжение карьеры или стремление к высокой должности. Работать мне довелось немало, и на государственной службе, и в частном бизнесе. Именно так я могу направить накопленные знания и опыт на общее благо. Долг гражданина перед родиной не сводится к служебным обязанностям: каждый должен по мере сил помогать процветанию страны.

Алатау сегодня – один из самых масштабных проектов, обращенных в будущее Казахстана. Город создается, чтобы поднять экономику на новый уровень, развить производство и инновации, привлечь международные инвестиции. Это не просто новая административная территория, а важный шаг к тому, чтобы соединить потенциал науки и образования, предпринимательства и технологий.

На проект, начатый по инициативе Главы государства, возложены большие надежды и большие задачи. Успех Алатау нельзя измерять только темпами строительства или объемом инвестиций. По-настоящему он проявится в качестве жизни горожан: в том, получат ли дети хорошее образование, найдет ли работу молодежь, свободно ли работают предприниматели, комфортно ли живется пожилым людям. Каким бы современным ни был город, о полноценном развитии говорить трудно, если у его жителей нет качественной питьевой воды, света, тепла, дорог, школ и медицинской помощи.

Поэтому каждое решение, принимаемое сегодня, важно для завтрашнего дня. Построенная дорога, проложенные инженерные сети, утвержденный план развития определят облик города на десятилетия вперед, а исправление ошибки потребует огромных средств и времени. Значит, системность должна быть для нас важнее спешки, долгосрочный план важнее временных решений, а реальный результат важнее красивых отчетов.

Фундамент нового города закладывается не только из бетона и стали. Если каждое решение принимается открыто, у каждого гражданина равные возможности, права предпринимателей защищены, а мнение жителей учитывается, Алатау станет новым и по архитектуре, и по духу. Нам нужен именно такой город.

Мое образование в сфере инженерии и информационных систем, подготовка в области права и государственного управления научили меня смотреть на мир системно. Чтобы решить любую проблему, нужно выявить ее причину, изучить правовую основу, оценить финансовые и организационные возможности и довести дело до результата. За годы работы в государственном управлении, строительстве, коммунальной сфере и бизнесе я убедился: страна развивается не за счет успехов отдельных отраслей, а благодаря их слаженной работе ради общей цели.

Для роста экономического потенциала Алатау важно развивать производство, логистические центры и инновационные проекты. Инвестиции дают новые рабочие места и поддерживают малый и средний бизнес. Для этого нужны равные для всех требования закона, меньше административных барьеров и честная конкуренция. Цифровые решения должны стать действенным инструментом управления городом, а открытость информации о расходовании бюджета укрепит доверие людей. Не менее важна экология: сохранение зеленых зон, разумное обращение с отходами, экономия воды и энергии – условия устойчивого развития Алатау.

Идеология Президента Касым-Жомарта Токаева «Честный гражданин» («Адал азамат») созвучна этой ответственности. Честный труд, уважение к закону, порядок, справедливость и служение общему благу – прочная основа цивилизованного общества.

Работу маслихата я понимаю, как большую общественную ответственность: выражать интересы жителей, рассматривать план развития и бюджет города, контролировать исполнительные органы. Мое выдвижение от Демократической партии Казахстана «Ақ жол» не случайно: поддержка предпринимательства, честная конкуренция, верховенство закона и защита интересов граждан – это и мои жизненные принципы.

Служить родной земле можно не только с высокой должности: направить знания, способности и опыт на пользу обществу – тоже значит уважать свою страну. Какую инфраструктуру мы построим сейчас и какую общественную среду создадим, отразится на жизни будущих поколений. Ведь в этом городе с огромным потенциалом, где утвердится справедливое общество, завтра будут жить и мои потомки.

В Послании народу Казахстана Президент подчеркнул: чтобы любые реформы удались, недостаточно совершенствовать законы и укреплять политические институты, прежде всего должно обновиться общественное сознание. Быть честным гражданином – значит не просто говорить о патриотизме, а доказывать его делом. Желание Президента видеть Казахстан Справедливым и Цивилизованным государством, где каждому открыт путь к развитию, должно стать нашей общей целью. Один из реальных путей к ней – утверждать принципы справедливости в каждом регионе, в каждом городе. Слова Президента «Я с большой надеждой смотрю на патриотичных граждан, способных повести нашу нацию вперед» возлагают на каждого из нас огромную ответственность.

Наш сегодняшний честный труд, ответственные решения и созидательные дела – самое ценное наследие, которое мы оставим будущим поколениям. Это и есть моя гражданская позиция и главная цель, с которой я иду в маслихат.

город Алатау

Сведения об организации, выпустившей данный агитационный материал: ТОО «Өлке тынысы», газет «Алатау арайы». г.Қонаев. Тираж 12000 экз. Заказчик: Кандидат в депутаты маслихата города Алатау Абдыкаимов Ербулан. Материалы финансированы из республиканского бюджета.

15 ҚАРАША – ОРАЗАЛЫ ДОСБОСЫНОВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

ҚҰЛМАМБЕТТІҢ ҚҰЛЫНЫ

Адам ғұмырының ұзақтығы жылмен өлшенбейді екен. Оның шын өлшемі – соңында қалдырған ізі, ел жүрегіндегі орны. Біреу ұзақ жасап, ұмыт қалады. Енді бірі қамшының сабындай қысқа ғұмырында тұтас бір дәуірдің жүгін арқалап кетеді. Менің бала күнгі досым, оқушы кезде айтыс сахнасында сан рет сөз таластырған құрдасым Оразалы Досбосынов сондай сирек жаратылған жанның бірі еді.



Оразалы десе, көз алдыма ең алдымен бала күнгі бейнесі келеді. Отты жанары, жарқын жүзі, ұшқыр сөзі, орташа ғана бойы, теңіздей терең ойы, шынайы бар болмысы күні кешегідей жадымда сақтаулы. Қатарластарының арасында қашанда оқ бойы озық жүретін. Біз әлі балалықтың бал дәуренін кешіп жүргенде, ол сөздің салмағын сезініп үлгерген екен. Қарапайым әңгіменің өзін құбылтып айтатын. Ойламаған жерден тауып сөйлейтін. Қалжыңының өзінде қадір, әзілінің астарында ақыл жататын. Болашақта қазақ айтысының маңдайына біткен жарық жұлдызына айналатынын сол кезде-ақ көрсетіп еді жарықтық.

Оразалының бойындағы ақындық қасиет ерте оянды. Сөз өнеріне деген құштарлығы мектеп қабырғасында-ақ байқалды. Оның табиғи талантын танып, өнердің өріне жетелеген жанның бірі – ұстазы Хасенәлі Саматыров. Ол кісі бала Оразға айтыстың сан түрлі мақамын үйретті. Сөз саптаудың сырын ұқтырды. Домбыра мен жүректің үндестігін сезіндірді. Сол тәлім Оразалының өнер жолындағы алғашқы баспалдағы болды. Екінші ұстазы Хасен ағамыздың ізіндегі іні досы Даубай Әбдісаев та Орекемнің айтыс аспанында еркін қанат қағуына зор үлес қосты. Жақында ғана бақилық болған қарасаздық Дариға Саламатова апайымыздың да аналық мейірімі мен ұстаздық тәлімі Ораздың бойына қуат бергені рас. Ал өзінен бірер көйлек бұрын тоздырған қанаттас аға досы Кемелбай Сағымбеков екеуі бір ауылдың қос ақыны атанғанын ұмыта қоймаспыз.

Бірақ Оразалының ақындығын тек табиғи дарынмен түсіндіру аздық етеді. Ол көп оқитын. Кітапты жанына серік етті. Халық ауыз әдебиетінің тұнығынан қанып ішті. Бұрынғы өткен ақындардың жырларын зердесіне тоқыды. Қазақ сөзінің құнарын, тілінің тереңдігін бойына сіңірді. Сондықтан оның айтыстағы әрбір теңеуі тың естілетін. Әрбір жауабының астарында білім жататын. Қарсыласын құр айқаймен емес, ойдың қуатымен жеңетін. Сөздің киесін білетін. Сөзге тоқтайтын. Сөзді тоқтататын.

Оның сахнаға шығуының өзі бір бөлек әңгіме еді. Домбырасын қолына алып, қалың жұрттың алдына жайғасқан сәттен-ақ елдің назары Оразға ауатын. Отырысының өзінде өрлік бар еді. Жүзінен сенім шуағы сезілетін. Алғашқы мақамын бастағаннан-ақ айтыс алаңы жанданып сала беретін. Тыңдаушының жүрегіне жол табатын ерекше бір қуаты болатын. Алғаш «Құлмамбеттің құлынымын!» деп құлдыраңдап шыққан сол бала кейін қазақ айтысының ақтаңгеріне айналды. Бұл сөз оның сахналық ұраны ғана емес, баба рухына адалдықтың белгісі еді. Бұл – айтыс өнерінің алдындағы перзенттік парыздың көрінісі іспетті.

Құлмамбеттей дүлдүлдің ізін жалғау оңай ма?! Бір күнде 9 ақынға тосқауыл қойған бабасының өнердегі өрлігін Оразалы да бойына дарытты, тарих қайталанды. Оның бір күнде 5 ақынмен айтысқанын ел әлі күнге сүйсініп айтады, Оразын сағынып айтады. Бұл жай ғана жүйріктік емес, ақындық қуаттың, зерде тереңдігінің, жүректегі оттың айғағы. Оразалының өзгелерге ұқсамайтын өз әлемі болды. Ол айтысқа жаңа леп әкелді. Сөздің бұрын байқалмаған бояуын ашты. Тың теңеулер тапты. Көнеден жеткен көркем тіркестерді жаңаша сөйлетті. Қарсыласының бір ауыз сөзінен тұтас бір ой өрбітетін. Айтыстың аламанын нағыз өнер мерекесіне айналдыратын.

Әттең, өнер адамының тағдыры қашанда жеңіл бола бермейді ғой. Оразалы да талай қуанышты күнді бастан өткерді. Халықтың ыстық ықыласына бөленді. Зал толы жұрттың тік тұрып құрмет көрсеткен сәттері аз болған жоқ. Бірақ сол қошеметтің көлеңкесінде көңілге қаяу түсірген әрекеттер де жатты. Аяқтан шалу да болды. Шетқақпай да жасалды. Ақынның нәзік жүрегіне түскен салмақты сырт көз қайдан білсін?! Кейде бәрінен баз кешкісі келетін. Айтыстың аламанынан біржола кетуді ойлайтын. Ондай сәттерде оның көңіліндегі құлазуды сезінетінбіз. Бірақ Оразалы өнерден алыстай алмады. Өйткені айтыс оның таңдаған кәсібі ғана емес, жаратылысы еді. Домбыраның қос ішегінде оның жүрегі соғатын. Қалың елдің қошеметінде оның жаны тыныстайтын. Ол сахнаға қайта оралғанда бәрі ұмытылатын. Баяғы отты жанар, баяғы өр мінез, баяғы құйқылжыған мақам… Халық тағы да дүр сілкінетін. Оразалы тағы да өз биігіне көтерілетін.

Жалпы Оразалының бойында ақынға тән асқақтықпен қатар балаға тән аңғалдық та бар еді. Ол өнерге есеппен келген жоқ. Жырды жүрегінің әмірімен айтты. Атақ үшін емес, ақиқат үшін сөйледі. Сол мінезі оны биікке көтерді. Сол мінезі кейде өзіне ауыр тиді. Тағдыр оның маңдайына ұзақ ғұмыр жазбапты. Орда бұзар отыздың қақпасын енді ашатын тұста айтып келмейтін ажал орақ тілді Оразалыны ортамыздан алды да кетті. Жыладық! Қалдық! Осылайша айтыстың аспанында еркін самғаған қыранның қанаты ерте қайырылды. Бірге өскен досынан айырылу кімге болса да оңай емес! Кеше ғана қатар жүрген құрдасыңның енді естелікке айналғанына сенгің келмейді. Көңіл оны әлі іздейді. Құлақ таныс мақамын аңсайды. Көз сахнадағы отты бейнесін күтеді. Осындайда Мұқағали ақынның «Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы» деген сөзі еске түседі. Оразалы да өнердегі бар мүмкіндігін сарқып үлгермеген жүйрік еді. Айтылмаған жыры қалды. Ашылмаған қыры қалды. Қазаққа берері әлі көп еді. Алайда шын ақынның ғұмыры тәнімен бірге тоқтамайды екен. Данышпан Абай атамның: «Өлді деуге бола ма, ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» дегені осындайда еріксіз ойға оралады. Оразалының жыр ғұмыры жалғасып келеді. Оның мақамы халық жадында сақталды. Тапқыр сөздері ел аузында жүр. Өнердегі өр мінезі жас ақындарға өнеге болып қалды. Дегенмен көңілде бір алаң бар еді. Жылдар жылжып, уақыт алыстаған сайын Оразалының есімі сирек атала бастағандай көрінетін. Ара-тұра еске алу кештері өтетін. Сағынышқа толы сөздер айтылатын. Бірақ оның өнерін жас ұрпақтың жүрегіне жеткізетін тұрақты дәстүр қажет еді. Сол игі істің алғашқы қадамы ақынның 50 жылдығында жасалды. Оразалы Досбосынов атындағы республикалық оқушылар айтысы бастау алды. Бұл – ақын рухына көрсетілген құрмет қана емес, үзілгендей көрінген өнер сабақтастығын қайта жалғаған тағылымды іс болды. Қуанарлығы, сол бастама жалғасын тауып келеді. Райымбек ауданының әкімі Дастан Құдабаевтың қолдауымен биыл да Аспантаулар аясында жас ақындардың жыр додасы өтті. Кеше ғана Оразалы құлдыраңдап шыққан сахнаға енді бүгінгі жеткіншектер көтерілді. Олардың әрқайсысының жүрегінде өнерге деген құштарлық бар. Әрқайсысының арманында үлкен айтыстың биігі тұр. Осы көріністің өзі көңілге медеу.

Ақынын ардақтаған елдің рухы биік болады. Өрен жүйрігін ұлықтаған жұрттың ертеңі еңселі келеді. Дастан Құдабаевтың бұл айтысты жыл сайын өткізуге ниет білдіруі – құптарлық қадам. Себебі Оразалының есімі бір күндік естелікпен шектелмеуі керек. Оның өнері ұрпақтан-ұрпаққа жетуге тиіс. Мен үшін осы айтыстың орны ерекше. Жас ақындардың жүзінен баяғы Оразалының балалық бейнесін іздеймін. Олардың тапқырлығынан досымның ұшқыр ойын көргім келеді. Домбыраның күмбірінен таныс мақамын естігендей боламын. Сондай сәтте Мұқағалидың «Сәл ғана мызғып ап, қайтадан тұрармын» деген жыр жолдары ойыма оралады. Иә, Оразалы қайта тұрғандай. Ол бүгін жас ақындардың жырында, домбыраның қос ішегінде жүр. Құлмамбет бабасының рухы қалықтаған қасиетті өлкеде жүр. Ең бастысы, оны ұмытпаған халқының жүрегінде жүр. Уақыт бәрін өз орнына қояды. Кешегі өкпе де, өнер жолындағы кедергілер де ұмытылады. Ал шынайы талант ұмытылмайды. Өнердің алдында пенделік тартыстың бәрі аласарып қалады. Биікте тек ақынның сөзі, халыққа қалдырған мұрасы тұрады. Оразалының тағдырына аз ғана дәурен бұйырды. Бірақ сол қысқа ғұмырдың әр сәті жырға айналды. Ол қазақ айтысының тарихына өз қолтаңбасын қалдырды. Құлмамбеттен жеткен қасиетті өнердің шырағын биік ұстады. Бүгінде сол шырақ жас жүректерде қайта маздап келеді. Бала күнгі досымды ойласам, көңілімде сағынышпен бірге мақтаныш та оянады. Біз бір дәуірдің балалары едік. Бір кездері Аспантау мен Қарадала арасын қара өлеңмен жалғастырған белгілі ақын Бақыт Беделхан, «Шалқар» радиосының редакторы Бақыт Жағыпарұлы үшеуіміз бас қосқан сәтте Оразымыз ортамызға оралғандай күй кешеміз. Қайталанбас күндер мен қайта оралмас сәттер санамызға сәуле құйып, жадымыздағы Ораз жанымызда тұрғандай әсерленеміз. Өйткені біз бір топырақтың перзенттері едік. Оразалы сол ортадан суырылып шығып, күллі қазақтың Оразына айналды. Енді оның ғұмыры жылмен емес, жырмен өлшенеді.

Құлмамбеттің құлыны еді. Қазақтың тұлпары болды. Ғұмыры қысқа болғанымен, жырының жолы ұзаққа созылды. Жатқан жерің жарық, жырдағы жолың мәңгілік болсын, Оразалы! Сенің орның айтыстың төрінде, бейнең біздің жүрегімізде!

Жұматай ОСПАНҰЛЫ,
«Құрмет» орденінің иегері

Халықтың жүрегіндесің...

Аспантаудың талантты түлегі едің,
Өлеңнің тұғырында түлен едің,
Жүз жылда ел бағына бір туылар,
Көдектің қайта соққан жүрегі едің.

Бүршік атып бұла жыр жүрегіңнен,
Ақын едің жігеріне жыр егілген.
Пәни дүниенің босаның шідерінен,
Бақилық боп кеттің-ау бұл өмірден.

Мен туған жер алыстан мұнартады,
Сен туған жер жаныма мұң артады.
Дел-сал бір түсініксіз күй кешемін,
Үзіліп үмітімнің қыл арқаны.

Сен айтыссаң, тұрушы ем: «А, Құдайлап!»
Жауға жалғыз шапқандай «Абылайлап!»
Халықтың қамын жейтін қарғам едің,
Пеш айналмай, тірліктің қамын ойлап.

Топқа қосып жүруші ем құлыныңнан,
Теріңді алып ұзатпай құрығымнан.
Қанатың қатайғанда томағасыз,
Ұшырып жіберіп ем тұғырыңнан.

Хантәңірі қыранындай самғап едің,
«Қолдай гөр бір құлыңды, Алла!» – дедім.
Кешегі Қойдым, Шарғын, Құлмамбеттің,
Жаңғыртып жалын жырын жалғап едің.

Жалғап едің, биікке самғап едің,
Самғап едің, алаулап жанған едің.
Жас қырандай жарқ етіп мерт болдың-ау,
Іші өртеніп артыңда қалды-ау елің.

Жігіт едің жолдастың жолында өлер,
Жомарт едің жалғыз ат, тонын берер.
Құдайдың сүйген құлы болсаң егер,
Пейіштің дәл төрінен орын берер.

Бір Құдай ұл-қызыңның тілеуін берсін,
Тілеуімдесің, сен мәңгі жыр еліндесің.
Бағыштасам, баталы Құранымдасың,
Өнер сүйген халықтың жүрегіндесің.

Даубай МАМЫТҰЛЫ,
ақын

ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ

ТАРИХТАН – ТАҒЫЛЫМ

Жамбыл аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен Қарақыстақ ауылындағы Сүйінбай Аронұлының әдеби-мемориалды музейінде Мемлекет басшысының «Зерделі ұлт» жобасы аясында танымдық кеш өтті. Онда ауданның 24 ауылдық кітапханасы өз ауылдарының тарихы мен ұлт дамуына елеулі үлес қосқан тұлғалардың өмір жолын таныстырды. Шараға облыстық кітапхана басшылығы, тарихшылар, жастар мен аға буын өкілдері қатысты.





● Серік САТЫБАЛДИЕВ

«Зерделі ұлт – туған жер тарихымен» атты танымдық кешке келушілерді музей ауласында Халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаевтың немересі, ақын Әуелбек Ысқақ арнаулы жырмен қарсы алды. Көпшілік осында ауылдық кітапханалар ұйымдастырған көрмені тамашалады. Онда әр ауылдың өзіне тән ерекшелігін айшықтайтын жәдігер, түрлі бұйымдар қойылған.

Музейдің мәжіліс залында «Туған жер – тұғырымыз, тарихы – тағдырымыз» тақырыбында жиын өтті. Алғашқы сөзді облыстың Құрметті азаматы Әскербек Абаев алып, кезінде өз замандастарының кітап оқуға деген ықыласы зор болғаны туралы естелігімен бөлісті. Зерделі ұлт қалыптастыру үшін туған жердің тарихын білу төңірегіндегі ойларын ортаға салды. Ал облыстық әмбебап орталық кітапханасының директоры Ғалия Тоқабаева ел Президентінің оқитын ұлт қалыптастыру жөніндегі бастамасының маңызын атап өтті. Ол халықтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында өңірдегі 145 кітапхананың алға қойған міндеті мен атқарып жатқан жұмысынан хабардар етті. Соның ішінде Жамбыл ауандық кітапханасының кейінгі кезде көптеген маңызды іс-шара өткізгенін, белсенді жұмысты одан әрі ширата беру керектігін айтты. Сондай-ақ журналист, этнодизайнер Аршагүл Тойбаева өз сөзінде Жамбыл ауданының тамыры терең, тарихы бай екенін, осындай киелі жерде халықтың кітап оқымауға қақы жоқ екенін алға тартып, зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі жоба-жоспарымен бөлісті.

Одан кейін ауылдық кітапханалар төрт бағыт бойынша танымдық бағдарламаларын көрермен назарына ұсынды. Қазіргі ұрпақ санасына туған жерге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру мақсатында туған өлкенің тарихи-мәдени мұрасы қойылым арқылы кеңінен насихатталды. Тарихи тұлғалар мен айтулы оқиғалардан көріністер қойылып, ұлттық құндылықтар дәріптелді. Бірінші бағыт – «Жыр мен сөздің алтын бесігі» деп аталды. Онда қазақ әдебиеті мен өнерінің өркендеуіне үлес қосқан тұлғалар, туған жерден түлеген ақын-жыршылар, сөз өнерінің дара өкілдері мен рухани мұралары таныстырылды. «Тарихтың тасқа басқан шежіресі» атты екінші бағытта өлкенің көне тарихы, тарихи-археологиялық ескерткіштер, тасқа таңбаланған жәдігерлер мен ғасырлар қойнауынан жеткен тарихи деректер кеңінен насихатталады. Үшінші бағытта туған жердің батырлық дәстүрі, ел қорғаған ерлердің өнегелі жолы, тарихи шайқастар мен қасиетті мекендердің шежіресі баяндалды. Ал «Еңбек пен береке мекені» атты соңғы кезеңде ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы, еңбек адамдарының жетістіктері, ел игілігі жолында еңбек етіп жүрген азаматтар мен туған өлкенің бүгінгі тыныс-тіршілігі көрсетілді.

Аудандық кітапхана директоры Аяужан Сәдуақасова мен Сүйінбай музейінің меңгерушісі Гүлзат Асқарова рухани кештің маңызын атап өтіп, қатысушыларға алғыс білдірді.

Бұл кеш әр ауылдың тарихын бір арнаға тоғыстырып, өткен мен бүгінді жалғаған тағылымды басқосу болды. Шара барысында ауылдардың өткені мен бүгінін сабақтастыра отырып, өлке шежіресін жинақтауға қадам жасалғаны қуантты. Тарихи сананы жаңғыртып, туған жерге деген мақтаныш сезімін арттыратын рухани алаңға ұқсады. Туған жердің тарихын білу – әр ұрпақтың парызы екенін сездірді. Өйткені өткенін таныған елдің болашағы баянды болмақ. Туған жердің тарихы – ұлттың ұлы мұрасы, ұрпаққа аманат асыл қазына.

Қарақыстақ ауылы,
Жамбыл ауданы

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНЕ – 40 ЖЫЛ!



Жаңғырық

1986 жылдың 17 желтоқсан күні таңертең институтқа баратын трамвай аялдамасының қасындағы дүңгіршектен «Вечерка» («Вечерняя Алма-Ата» газеті) сатып алдық. Онда бірінші хатшы болып сайланған Г. Колбиннің суреті басылған екен. Көрген сәттен-ақ бұл жайға өз реңішімізді білдіріп, трамвай ішінде пленум шешімін қызу талқыладық.

Оқу корпусына жете бере, Совет көшесі бойымен қолдарына транспорант, плакат ұстап, ұрандатып келе жатқан жастарды көрдік. Жолымызды бөгемек болған милиция қызметкерлерінің шебін бұза-жара бір топ студент шерушілерге қосылдық. Жол бойы оқу корпустары мен жатақханаларды аралап, қатарымыз молайып, түскі сағат үш шамасында сол кездегі Брежнев (қазір Республика) алаңына жеттік. Кешке алаңда ине шаншар орын болмады.

Алаңдағы трибунаға үкімет мүшелері көтеріліп, жиналған халықты тыныштандырмақ болған әрекетінен түк шықпады. Өйткені сөздерін орысша бастаған билік өкілдері жастарға «Тараңдар» дегеннен басқа ештеңе айта алмады. Пленум шешімін түсіндірмеді. Ең бастысы, мыңдаған халықтың көкейіндегі «Неге Республиканы басқаратын адамды сырттан әкелді? Өзімізден тұлға шықпады ма?» деген сауалға жауап бере алмады.

Алғашқы сағаттарда жастар өздерін барынша салмақты ұстады, құқыққа қайшы әрекеттер орын алған жоқ. Әскерилер мен алаңдағы жастар арасындағы нағыз қақтығыс кешкі сағат 5 пен 6-ның арасында басталды. Шамамен түнгі сағат 9-да өрт сөндіруші көліктер алаңның бір шетінен екінші шетіне су шашып жылжыды. Осы кезде халықтың қатары сөгіліп, жан-жаққа қашты. Ашуланған жастар алаң маңындағы ғимараттың іргетасын қаптаған мрамор плиталарды бөлшектеп сындырып, өрт сөндіруші көліктерге лақтырып, терезелерін шақты. Алаң қиян-кескі ұрыс аймағына айналды. Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы, көрші бөлмедегі Құралбек Мұхамедияровты байқап қалдым. Тонының алды ашық, жалаңбас, көліктерге тас лақтырып жүр. Сөйтіп, әскерилердің ортасына түсіп қала жаздады. Жүгіріп жанына барып, қапсыра құшақтап, шетке алып шықтым. Өрт сөндіруші көліктер алаңды бір айналып өткен соң қайта келмеді. Көше шамдарының жарығына шағылысып, аяқтың асты айнадай жалтырап мұз боп жатыр. Алаңдағы жұрт тарай бастағанда, біз де жаяулап жатақханаға қайттық.

Желтоқсанның 18-і күні ерте тұрып, таңғы асты жатақхананың қасындағы Жобалау институтының жертөлесіндегі асханадан ішіп, топ жігіт болып алаңға жаяу тарттық. Біз барғанда мыңдаған халық жиналып қалыпты. Бірақ алаң әскермен қоршалған, өтер жол жабылған. Қолдарында қалқан, әскери сойыл ұстаған сарбаздар кешегіден әлдеқайда көп, сақадай-сай тұр. Жандарында арсылдаған қызмет иттері. Ақыры жастар мен әскерилер арасында қақтығыс басталып кетті.

Әрине, әскердің аты – әскер, мықты қаруланған, тәртіппен, командамен әрекет етеді. Жалғыз жарым қарсы жүгірген аңғал жастарды әп-сәтте қоршап алып, сабап құлатып, сүйреп алып кетеді. Алаңға өту мүмкін болмады. Жастар колонна боп әр көшеге түсіп орталыққа қарай жүрді. Мұндағы мақсат жұртшылықтың, бүкіл дүниежүзінің назарын осы оқиғаға аудару еді. Шетел журналистері мен Алматыда орналасқан халықаралық өкілдіктер, елшіліктер мен консулдықтар назарына ілігіп, Қазақстандағы жағдайдан хабардар ету болған. Бұл сәтті қадам болғанын кейін уақыт дәлелдеді.

Алматы көшелерін қалың нөпір болып аралап жүрген жастар «Елім-ай», «Менің Қазақстаным», «Атамекен» әндерін қосыла шырқап жүргені есімде. Бейбіт түрде Алматы көшелерімен шерулетіп жүрген тұста «Метель» операциясы жоспарланып, КСРО-ның әр түкпірінен мұздай қаруланған арнайы әскер құрамын Алматыға жеткізіп жатқанын білмеген едік. 18 желтоқсан күні кешкі сағат 9 шамасында «Метель» операциясы басталды. Аяқ астынан ойран-топыр болып кетті. Бейқам, бейбіт тұрған шерушілерге әскер тап берді. Таяқпен ұрып, құлағандарын сүйретіп әкетіп жатты. Ұлыған сирена, арсылдаған иттер, офицерлердің айқайлап пәрмен берген дауыстары, қапыда таяқ тиіп құлап жатқан адамдардың көмек сұрап айқайлағаны, бәрі қосылып алаң күңіреніп кетті. Айқай-шудың ішінен «Бағлан құлады!» деген Берік Ұзақовтың дауысын танып бұрылсам, екі-үш солдат Жайлаубаев Бағланды төмпештеп жатыр екен. Берік екеуміз ұмтылып, қасымызға келген екі-үш жігітпен соққыларға қарамастан құлап жатқан Бағланды екі қолтығынан алған күйі сүйрей қаштық. Көшенің қараңғылау, тасалау тұстарымен жүрдік. Топтасқан әскерилер мен жасақшылар бірлі-жарым жүрген жастарды бас сап ұстап, машинаға тиеп әкетіп жатқан. Жатақханаға аман-есен жеттік.

Бөлме терезесін тарсылдата ұрған дыбыстан Әлібек Бейсенбеков сыртқа үңіле: «Бақытбек», – деді бізге мойын бұрып. Семей облысының Ақсуат ауданынан болатын Бақытбек Шуашев курстың үздік студенттерінің бірі-тін. Үйленген, әйелі неміс ұлтынан еді. Бүктетіліп, аяғын әрең басқан Бақытбекті жігіттер жан-жағынан демеп, төсегіне жатқызды, «Не болды?» деп жамырай қойған сұраққа «Милицияға түсіп қалдым» деп кеудесін ұстап, әрең жауап берді. Әбден соққы жегені түрінен көрініп тұр. «Ештеңе айта алмаймын, шамам жоқ», – деп қиналып әзер сөйлеген ол төсегінде бүк түсіп, ішін ұстап жатып қалды. Сөйтсек, ол бір қызды құтқарамын деп ұсталып қалыпты. Есін жиған сәтте жабық кузовты көлікте келе жатқанын біледі. Ішінен қиналып, ыңырсып қыздардың жылағанын, жігіттердің кіжініп әлдекімді сыбаған дауыстары естіліпті. Тергеуде ұрып-соғу 5-6 сағатқа созылыпты. Бақытбек тегі орысшаға шорқақтау еді де, «орысша – қазақша» қалта сөздігін қолынан тастамай үйреніп жүретін. Бұларды тінткен кезде милиционерлер сөздікті тауып алады. Блокнотынан әйелі екеуі түскен сурет те шығады, әйелін орыс деп көрсетеді Бақытбек. Әйелінің орыс болғаны, тіл үйреніп жүргеніне тергеушілердің рақымы түсіп, ақыры босатыпты. Кейін Бақытбектің милицияда тергеуде болғаны ректоратқа мәлім болады. Содан ол жиналыстан жиналысқа түсіп, ақыры комсомолдан шығарылады, бірақ факультет деканы Шәбден Әділханов, дайындық курсында дәріс берген оқытушы Дос Көшімнің араша түсуімен оқуда қалады.

19 желтоқсан күні Беріктен тағы бір жайды естідік. «Шолпан басынан қатты соққы алған екен, кіріп шықтым, жағдайын сұрап», – деді ол кешкісін көңілі алаң күйде. Шолпан Жұмаділова бізден бір курс жоғары оқитын еді. Көрші бөлмеде тұратын, Кеген ауданы Саты ауылының қызы. Біз студенттік құрылыс отрядымен жазда Саты ауылында болғанда он шақты қыз-жігітті үйіне шақырып, дәм татырған. Шолпанды ауруханаға апаруға, дәрігер шақыруға да болмайды, өйткені ол дереу милиция мен КГБ-ға белгілі болар еді. Жігіттер ақылдасып, оны тезірек ауылға, үйіне жеткізу керек деген ұйғарым жасады және оны ешкім білмеуі керек. Берік институтқа барып, деканымыз Ш. Әділхановқа оңаша жағдайды баяндап, рұқсатын алып, Сатыдан Шолпанның атына «Әжең ауыр науқас, шұғыл жет!» деген жедел телеграмма соқтырып алды. Бұл ертеңгі күні Шолпанның сабақта жоқтығына күдік тудырмас үшін керек еді. Осының бәрін Берік шұғыл реттеп, 20 желтоқсан күні Шолпанды алып, «Саяхат» автовокзалынан автобуспен Жалаңаш ауылына аман-есен жетіп, әпкесі мен жездесіне тапсырады.

Шолпан үйінде біраз емделіп қайтады. Оқуын сәтті аяқтап, кейін белгілі журналист болды. Желтоқсан көтерілісі тақырыбына да айтарлықтай қалам тербеді. Өкінішке қарай, ол «Жетісу» газетінде жемісті еңбек етіп жүргенде басынан алған соққының салдарынан ауыр науқасқа шалдығып, бертінде қайтыс болды.

Сонымен, 1986 жылы 18 желтоқсанда жастардың бейбіт бас көтеруі күшпен, аяусыз басып-жаншылды. Бірнеше күн Алматыда өлі тыныштық орнады. Желтоқсанның ызғарлы күндері секілді суық, көңілсіз күндер бірін-бірі ауыстырып жатты.

Әділхан ҚЫСТАУБАЕВ,
Желтоқсан көтерілісіне қатысушы

РУХАНИЯТ

ЫБЫРАЙ МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Қонаев қалалық кітапханасында «Кітап оқитын ұлт» марафоны аясында қазақтың ұлы ағартушысы, педагог-жазушы Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдығына орай «Бірге оқиық» атты республикалық әдеби акция өтті. Мақсаты – оқушыларға Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын таныстыру, жас ұрпақты еңбекқорлыққа, адалдыққа, бірлікке, ізгілікке тәрбиелеу және кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Еліміздің барлық өңірінде бір мезетте өткен шараға орта мектеп-гимназиясының, №3 және Қасым Қайсенов атындағы №4 орта мектептің оқушылары қатысты.



● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Акция барысында кітапхана қызметкерлері балаларға Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдебиеті мен білім саласына қосқан үлесі туралы мол мағлұмат берді. Педагог-жазушының «Кел, балалар, оқылық!», «Әке мен бала», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Мейірімді бала» және басқа да шығармаларын кеңінен таныстырды.

Келесі кезекте «Ойлан, тап!» атты танымдық сұрақ-жауап ұйымдастырылып, оқушылар Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтарға жауап беріп, білімдерін паш етті. Сонымен қатар жазушының «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін кітапханашылар, мұғалімдер мен оқушылар дауыстап оқыды. Шығарма мазмұнына назар аударған білім алушылар кейіпкерлердің іс-әрекетін талдап, Сейітқұлдың бойындағы қасиеттеріне өз бағаларын берді. Әңгіме түсінікті болу үшін балалардың назарына «Қыпшақ Сейітқұл» туралы мультфильм ұсынылды.

«Егер мен Сейітқұл болсам...» атты ой бөлісу кезеңінде оқушылар өз пікірлерін ортаға салды. Сонымен бірге ауылды көркейту, елге пайда келтіру, еңбек ету және бірлік туралы ой бөлісті.

– Еліміз көлемінде бір уақытта «Кітап оқитын ұлт» марафоны аясындағы Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдығына орай қалалық кітапханада өтіп жатқан республикалық ауқымды әдеби акцияның тәрбиелік мәні зор. Акция шеңберінде кітапханада ағартушының өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби-танымдық кездесу, кітап көрмесі және оқырмандармен түрлі әдеби жүздесу ұйымдастырылды. Балалар мен жасөспірімдерге «Таза бұлақ», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл» сияқты шығармаларды таныстыруға ерекше көңіл бөлудеміз. Өйткені бұлар – ұрпақты білімге, еңбекке, адамгершілікке және ізгілікке үндейтін баға жетпес рухани мұра. Өскелең ұрпақ ел болашағы болса, кітап оқу – білімге бастар жол. Сондықтан баршаны кітап оқып, рухани байлығын арттыруға шақырамыз, – деді қалалық кітапхананың бөлім меңгерушісі Іңкәр Қайратқызы.



КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

ЖАСТАРҒА ЖІГЕР СЫЙЛАҒАН

Инклюзивті спортты тек Қарасай ауданы ғана емес, Алматы облысында дамытуға зор үлес қосып жүрген айтулы азаматтардың бірі – Қаскелең қаласының тұрғыны Тәжіғали Ходжамуратов. Ол 2011 жылы «Жігер-М» мүгедек спортшылар федерациясы» қоғамдық бірлестігін құрып, ерекше қажеттіліктері бар жастарды спортпен шұғылдануға белсенді түрде тарта бастады. Соның арқасында мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірін өзгертіп, жаңа мақсат-мұраттарға ұмтыла бастады.



● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Кезінде Тәжіғали «Мүмкіндігі шектеулі жастарды қолжетімді спорт түрлерімен айналысуға тарту» жобасын әзірлеген. Оның бұл еңбегі республикалық «Қазақстанның үздік әлеуметтік жобасы» байқауында екінші орынға ие болды. Бұл жобадан өмірлік ұстанымы «Спорт – баршаға және әркімге» деген қағидатқа негізделген Тәжіғали Абдижамилұлының тұлғасы айқын көрінеді.

Ол мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінде жарақат алып, мүгедектікке тап болған. Алайда кейін жігерін жанып, алға қарай ұмтылу керектігін түсінді. Спортпен белсенді түрде айналыса бастады. Жүзу, пауэрлифтинг, волейболмен шұғылданды. Біртіндеп жетістіктерге жетіп, құрметті атақтарға ие болды. Бүгінде ол – Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы әрі жүлдегері, жүзуден спорт шеберлігіне кандидат, тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасының спорт шебері.

Қарасай ауданында Тәжіғали Ходжамуратов «Қуат» мүгедектер қоғамдық бірлестігін басқарған. Мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмыспен қамтылуы мен білім алуына жағдай жасау мақсатында түрлі жобалар әзірледі. Ал «Жігер-М» мүгедек спортшылар федерациясын құру арқылы ол ерекше қажеттіліктері бар жандарды, әсіресе жастарды спортқа деген сүйіспеншілікке баулуды мақсат етті.

– Мүгедек болудың не екенін өз басымнан өткеріп, талай қиындықты бастан кешкендіктен, ерекше қажеттіліктері бар басқа адамдарға барынша көмектесуге тырысамын, – дейді кейіпкеріміз. – Ең бастысы – адамның өз қайғысымен жалғыз қалмауы, рухының түспеуі. «Жігер-М» федерациясының құрылуына да осы себеп болды. «Жігер» сөзінің өзі қайраттандыру, рухтандыру деген мағынаны білдіреді. Бұл – адамға қолдау көрсетіп, оның сағын сындырмау үшін өте маңызды. Ал екінші жағынан, біз тек спортты насихаттаймыз, қалғанының бәрі адамның өзіне байланысты.

Бұл бастаманы қолдаған басқа да азаматтар табылды. Осылайша, ерекше қажеттіліктері бар көптеген жанның спортпен айналысуына нақты мүмкіндік туды. Айта кетерлігі, федерация жанында жаттығуды алғаш бастаған мүгедек спортшылардың саны шамамен 50 адам болса, қазір олардың қатары 300-ге жуықтады. Ең белсенді 80-ге жуық спортшы түрлі деңгейдегі жарыстарға тұрақты қатысып келеді. Арасында нағыз кәсіби, халықаралық деңгейдегі спортшылар да бар.

– Көзі көрмейтін азаматтарға да ерекше көңіл бөлінеді, – дейді Тәжіғали. – Олар үшін арнайы паралимпиадалық спорт түрі – голболды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Өкінішке қарай көзі көрмейтін жастарды спортқа тартуға мүмкіндік беретін спорт түрлері бізде өте аз. «Жігер-М» федерациясы жанында жеңіл атлетика, жүзу, үстел теннисі, пауэрлифтинг, голбол, сондай-ақ үстел ойындары бойынша түрлі секциялар жұмыс істейді. Әр адамның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оған лайықты спорт түрін таңдап береміз. Ең бастысы – қорықпау, алғашқы қадам жасау.

Сонымен қатар Тәжіғали – параармрестлингтен еңбек сіңірген жаттықтырушы және тоғызқұмалақтан спорт шебері.

Қарасайлық ерекше қажеттіліктері бар спортшылар үшін жыл сайын жарқын жеңістер мен лайықты марапаттарға толы. Атап айтқанда, «Үздік аудан», «Үздік армрестлинг» және басқа да номинациялар бойынша жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Мұндай жетістіктерге «Жігер-М» мүгедек спортшылар федерациясы» қоғамдық бірлестігінің басшысы Тәжіғали Ходжамуратовтың қосқан үлесі зор.

– Біздің спортшыларымызға «Дельфин» спорт кешенінің иесі Алмас Жұмабеков айтарлықтай қолдау көрсетіп келеді, – деп атап өтті Тәжіғали Абдижамилұлы. – Олардың осындай үлкен жетістіктерге жетуінде жүрегі кең, жомарт меценаттың да еңбегі бар. Сондай-ақ «LegenDA» инклюзивті жаттығу залдары желісінің негізін қалаушы әрі жетекшісі Александр Николаевич Легенчукке де алғысымызды білдіргіміз келеді. Осындай азаматтардың өмір жолымызда кездескеніне бәріміз қуаныштымыз. Олар ерекше қажеттіліктері бар көптеген спортшыға өздеріне сенуге, өмірден өз орнын табуға ғана емес, белгілі бір жетістіктерге жетуге де қолұшын созып келеді.

Қарасай ауданы

ҰСЫНЫС

ПРЕЗИДЕНТ ҰЛЫҚТАҒАН АРДАГЕР

ескерусіз қала ма?



Жеңістің 80 жылдығы аталып өткен кезде ел Президенті Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан 500 ардагердің есімін ұлықтауға пәрмен беріп еді. Сол тізімде жалағаштық Жартыбай Қожашевтың да аты-жөні бар. Бірақ, өкінішке қарай ардагер есімін ұлықтап, көшеге беру ісі кешеуілдеп тұр. Ашығын айтсақ, біз бұл мәселені жауапты мекемелерден 2018 жылдан бері сұрап келеміз. Алайда әзірге бұл ұсыныс әлі шешімін тапқан жоқ.

Жартыбай Қожашевтың есімі көпке әйгілі. Бұл тұлғаны Кеген өңірінде білмейтін жан жоқ десем, артық айта қоймаспын. Қайсар мінезді, бір сөзді азаматты кім қай жағынан таныса да, биік тұғырдан көретіні даусыз. Атамызды тереңінен танитындар әлі күнге қадір тұтып, бағалайтыны да шындық. Олай болса, әңгімені соза бермей, өз қолымен жазған өмірбаянынан бастасақ.

«Мен, Қожашев Жартыбай, 1923 жылы тамыз айында Кеген ауданының Меркі ауылдық округіне қарасты Қараша жайлауында дүниеге келген екенмін, – дейді ардагер өз қолымен жазылған өмірбаянында. – Шыққан тегім көшпенді өмірдің жөн-жосығына сай, ағайын-туған арасында руаралық, ата, тек-аралық шараларға қатысы болған ортақ дәулетті адамдар болғанға ұқсайды. 1916 жылы Қарқара көтерілісінен кейінгі Ақ патша жендеттерінің, одан кейін орыстардың империялық түпкі мақсатын көздеген аумалы да ауыспалы саясаттарының құрбаны болған ел адамдары сияқты әкем, әкемнің бауырлары және нағашы жұрты да тағдыр тәлкегін көріп, өмір өкініштерін бастан кешкен адамдар. Олардың көшпенді тұрмысқа бейімделген орташа дәулеті «Кіші Октябрь» ұжымдастыру сияқты асыра сілтеу орын алған кезде бастарына сор болып, әке-шешем сұр киімді, сұсты адамдардың кәріне ілігіп, жасы егде тартқан әкем 1931-33-жылдары «ОГПУ» абақтысының ар жағын көріп келіп, 1936 жылы дүниеден қайтты. Әкемнің басынан өткен осы зорлық-зобалаңның ащы запыраны менің де өмірімнің ұзын бойын уландырмай қойған жоқ. Әкенің ауыр тағдыры балаға да жүк болған заман-ай! Ұлы Отан соғысы басталған жылдары әскер қатарына жасым келіп тұрып шақырылмадым. Кейіннен «сенімсіздер» деп есептелінген адамдар майданға енгенде ғана мен әскер қатарына шақырылдым. 1945-51-жылдары Коммунистік партия қатарында болып, 1951 жылы жазықсыздан 5 жылға бас еркімнен айырылып, партиядан шығарылдым. КПСС қатарына 1961 жылы қайтадан қабылданып, Қазақстан Жоғарғы кеңес төралқасының №4-35-93 қаулысымен Алматы облыстық соты коллегиясының 1951 жылы 27 қазан айында РСФСР Қылмыстық кодексі бойынша жүргізген сот шаралары негізсіз болып табылып, мен ақталдым».

Былай қарасақ, ертегі сияқты. Бірақ не үшін сотталды?! Тағы да сол қайсарлығы үшін кінәлі шығар? Десе де, бұл жерде әділдік қылаң берді. Сот коллегиясы қайтадан ақтап алды. Алайда Жартыбайдың бар өмірі тауқымет тартысында зардап шегумен өтті десек, қателесе қоймаймыз. Қайсар жан сонда да мойынсұнбайды.

«Соғыс жылдарында Өзбекстанның Наманган қаласындағы жаяу әскер училищесінде оқып, Орск-Курск-Белгоград шайқастарында 60-атқыштар полкында взвод командирінің көмекшісі міндетін атқардым, – деп жазған кейіпкеріміз ары қарай соғыста ауыр контузия алғанын, содан соң майданнан оралғанын айтады. – 1943-48-жылдар аралығында аудандық комсомол және партия жұмыстарында болдым. Ал 1948-51-жылдары Кеген ауданындағы ірілендірген шаруашылықтың бірі М.Горький атындағы Жылысай, Октябрь колхоздарының бастығы қызметтерін атқардым. 1951-1952 жылдары Алматы ауылшаруашылық институтында оқып келіп, 1957-1960 жылдары Кеген ауданындағы Тоғызбұлақ колхозында жоспарлаушы агроном болып жұмыс істедім. 1960-1972 жылдар аралығында Кеген ауданындағы ірі шаруашылықтардың бірі – Тоғызбұлақ колхозында төрағалық қызмет атқарып, мұнда істелген көптеген іс-шараның жүзеге асуына жетекшілік жасауыма тура келді. Осы жылдары шаруашылық өндірістік жоғары көрсеткішке жеткені үшін және социалистік міндеттемелерін орындағаны үшін Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қазақстан Коммунистік партиясының 50 жылдығы құрметіне, Қазақстан КП Орталық комитеті, Қазақ ССР Жоғарғы советінің президиумы, Қазақ ССР Министрлер советі Тоғызбұлақ колхозы ұжымын Құрмет грамотасымен марапаттады. Ұжымның көптеген адамы мемлекеттік наградаларға ие болып, әл-ауқаттары жақсарды. Тоғызбұлақ колхозы миллионерлер қатарына қосылды. 1964 жылы Жалағаш, Тоғызбұлақ ауылдарына тағы бір ауыл бірікті. Осы жылдың қаңтарында колхоздың жалпы жиналысында төраға Жартыбай Қожашевтың ұсынысымен шаруашылықтың үшінші ірі қара, жылқы шаруасымен айналысатын жаңа бөлімшесі ашылды».

Осылайша, Жартыбай өз жобасымен Жайдақбұлақ ауылының қадасын қақты. Дала академигі атанған Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Жолсейіт Молдасанов өз заманында былай деп ой тастапты: «Жайдақбұлақ ауылының іргетасын қалаған, өркендеткен де Жәкең еді. Жәкеңнің есімі ел аузында қалу үшін айтарым, Жайдақбұлақ ауылы «Жартыбай ауылы» деп аталса деймін. «Ер есімі – ел есінде» дегендей, Жәкеңдей азамат ел есінде қалу керек деп ойлаймын». Дәл осы пікірді Жартыбай Қожашевтың замандас інісі, академик Кеңес Нұрпейісов те толық қолдаған.

Өмірбаян жалғасында ары қарай: «1969 жылдың өзінде шаруашылық жылдық табысын 1 миллион 400 мың сом таза пайдамен аяқтап, аудандағы 11 колхоз ішіндегі алдыңғы қатарға шықты. Қой мен ешкі саны 48 мыңға, ірі қара 1 мыңнан асып, жылқы 1 мыңға жуықтады. Омарта саны 250-ге жетті. Жыл сайын 1 мың центнердей ет, 70 мың центнерден артық астық мемлекетке тапсырылды», – деп жазылған. Бұдан артық дәлелдің керегі не? Кейіпкеріміз өзі айтып, жазып тұр. Қазір бұл көрсеткіштер біреулер үшін ертегі, сенбейді де! Бірақ таза шындық осы еді. Бұл дегеніміз – үлкен жауапкершілікті жан жүрегімен сезіну. Өзінен де, өзгеден де талап ету!

«Бұдан кейінгі жылдары Талғар ауданындағы Қазақ мал-дәрігерлік ғылыми-зерттеу институтының Жалқамыс тәжірибе шаруашылығының директоры болдым. 1982-1984 жылдары Кеген ауданындағы Жалаңаш сауда бірлестігінің директоры және ауылдық кеңестің төрағалық қызметін атқардым. «Ленин», «Отан соғысы», «Құрмет белгісі» ордендерімен және 20-ға жуық медальмен марапатталдым. Қазір Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасына ерекше сіңірген еңбегі үшін зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссия шешімімен 1984 жылдың 1 сәуірінен бастап зейнеткермін», – дейді Жартыбай Қожашев 2003 жылы 22 қазанда өз қолымен жазылған өмірбаянында.

Ел есінде ерен еңбегімен қалған Жартыбай Қожашев 2005 жылы 13 мамырда өмірден өтті. Бірақ соңында өшпес із қалдырды. Дуалы ауыз ақсақалдар айтқан естеліктер, ел аузындағы әңгімелер Жартыбай Қожашевтай тұлғаны асқақтата түседі. Елге еңбегі сіңген айтулы тұлғаның ең болмаса бір көшеге есімі берілмеуі бізді қынжылтады. Таудай тұлғаның тасада қалуы ауыл атқамінерлерін ойландырмайтын да сияқты. Қазір де тарихи тұлғалар қатарына есімінің енуін күтіп жүрміз. Нағыз тарихи тұлға осындай есімін ел білетін адамдардан құралу қажет қой демекпіз.

Қаламгер Мұқай Байсейітов 2003 жылдың 22 қарашасында бұрынғы Алматы облыстық «Жетісу» газетінде жарияланған мақаласында: «Өзің білесің, ел сенім артты. Оны облысты, республиканы сол жылдары басқарған, өткендегі «құбыжық» саясаттан хабары бар өрелі басшылар қуаттап, Кеген ауданындағы Тоғызбұлақ колхозына төрағалыққа тағайындалып, онда 10 жылдан аса қызмет істедім. Абыройсыз болған жоқпын», – деген естелігін келтіреді. Естеліктегі «құбыжық» саясат дегені – 1951 жылы жазықсыздан 5 жылға сотталып, партиядан шығарылған жылдар. Коммунистік партияға 10 жыл өткен соң қайта кіреді. Сол 10 жыл Жартыбай Қожашевты қанша ауыр болса да, жасыта алмады. Қайсар тұлға бәріне қарсы тұрды. Дегенмен, бұл айтуға ғана оңай. Елім деп соққан жүрегі жауапкершіліктен қашпады. «Сенімсіздер» қатарында соғысқа да өз еркімен аттанды. Соғыстан келгеннен кейінгі өмірі де тар жол, тайғақ кешумен өтті. Шыдады, төзді. Өйткені оның тамыры туған жермен тағдырлас еді. Тағдырдың тауқыметін тартты, тозбады. «Жаным – арым садағасы» деді. Ол заманның ең жоғарғы наградасы – «Ленин» орденін омырауына тақты. «Құрмет белгісі» орденін алды. Алған марапаттарының қатарында тағы «Отан соғысы» ордені мен 20 шақты медалі тұрды. Жастық шағын «Халық жауы» болып бастаған Жартыбай Қожашев – қан майданда да, бейбіт күнде де, еңбек майданында да өзін-өзі көрсете білген, дәлелдеген, әділдік пен адалдықты ту еткен үлкен тұлға! Сөз соңында айтарымыз, ол туған жері мен елін қорғауға соғысқа барды, қан төкті, жан беруге де әзір болды. Жаралы болып елге келді, жаралымын деп жатпады. Күн-түн демей, тер төкті. Замандастарының алдында жүрді. Кеген ауданының үлкен шаруашылықтарында соғыстан кейінгі ауыр жылдарда еңбек етті. Сондай азаматқа ауылдан бір көше берсе деген ойымыз күн өткен сайын сөніп барады.

Жеңіс мейрамында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұлықталуы тиіс 500 ардагердің есімін айтып еді. Соның ішінде Жартыбай Қожашев та бар болатын. Жауапты өкілдердің айтуынша, ұлықталған есімдер тек бос көшелер болса ғана берілетін көрінеді. Яғни, Жалағаш ауылындағы біз сұраған көшеге емес, 30 үйі бар Жайдақбұлақ ауылындағы Шығыс көшесі ұсынылған сияқты. Онда тек 8 үй ғана бар. Көше архитектордың базасында бар болғанымен, іс жүзінде жоқ. Сонда біз сұраған Жалағаш ауылындағы көшеге есімі берілсе, не кедергі? Президент ұлықтау қажет деп тапқан ардагер есімі тағы да елеусіз қала ма? Осылай айтуға тура келіп тұр. Дегенмен, «Үмітсіз – шайтан», үмітіміз үзілмейді.

Советбек ДҰЙСЕНБАЕВ
Жалағаш ауылы, Кеген ауданы

АЛТЫН ҰЯ

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ҰШТАСҚАН

Облыс орталығындағы іргелі білім ошақтарының бірінен саналатын №3 орта мектеп шаңарға қала мәртебесі берілген алғашқы жылдары ашылған. Еліміз Тәуелсіздік алған тұста таза қазақ тілінде білім беруге көшті. Содан бері бұл ұжым өскелең ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеп келеді. Өткен оқу жылында мектеп бойынша оқу үлгерімі 99,9 пайыз, орташа білім сапасы 69,42 пайызға жетті. 92 мектеп бітірушінің 8-і – «Алтын белгі», 5 түлек «Үздік аттестат» иегері атанды. Ұлттық бірыңғай тестілеуде Жанар Коммунар есімді шәкіртіміз 132 балл жинап, жоғары білім көрсеткішіне қол жеткізді.



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай атамыз айтқандай, ұжымда 21 педагог-зерттеуші, 22 педагог-сарапшы, 27 педагог-модератор, 21 педагог, 23 магистр жемісті еңбек етуде. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жанар Үмбетәлі білім беру сапасын арттыру мен оқу үдерісінің дұрыс ұйымдастырылуына зор үлес қосып келеді. Оқу әдістеме ісі жөніндегі орынбасарлар Меруерт Торғайбай мен Алма Жақыпова өскелең ұрпақтың білім деңгейін көтеру мен шығармашылық белсенділігін нығайту бағытында қызмет атқаруда. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Гүлнұр Қыбыраева «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жұмысының негізгі өзегіне айналдырып, игі бастамаларды жолға қоюда.

Өткен оқу жылы біздің ұжым үшін табысты болды десем, артық айтқандық емес. Білімі мен білігін шәкірттерінің жарқын болашағына арнаған мектеп мұғалімдерінің біраз жетістігіне тоқтала кетсем, ағылшын тілі пәні мұғалімі Ақбота Әшірбай қалалық «Педагогикалық дебют» байқауында 1-орынды еншіледі. «Үздік бастауыш сынып мұғалімі-2026» байқауының қалалық кезеңінде Айжан Шүкеева бас жүлдені жеңіп алды. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Салтанат Әуелбек эссе байқауының қалалық кезеңінде 1-орынды, облыстық кезеңде 2-орынды олжалады. «Табысты 50 мектеп» жобасы аясындағы педхакатонда бақ сынаған химия пәні мұғалімі Жібек Бейсенбаева мен физика пәні мұғалімі Самал Жолдасбекова қалалық кезеңнің жеңімпазы атанды. «Үздік информатика пәні мұғалімі-2026» байқауында Алмат Ербатыров 2-орын алды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Аңса Алимова мен Ақерке Тәжібай қалалық «Педтандем» байқауында және ағылшын тілі пәні мұғалімі Гүлназ Әбілқызы «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» байқауында жүлдегер атанды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні педагогтеріне арналған пәндік олимпиадада Мәншүк Қарабекова жоғары кәсіби шеберлік танытып, үздік нәтиже көрсеткені үшін III дәрежелі дипломмен марапатталды. Ағылшын тілі пәні мұғалімдері Гауһар Сағадиева, Әділжан Әлімжанұлы, Салтанат Әуелбек «British council Kazakhstan» атты Ұлыбританияның білім беру, ағылшын тілі және мәдениет салаларындағы халықаралық ұйымының Алғыс хаты мен сертификатын алды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Гүлбаршын Қалмұрзаеваға Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының және Ресейдің Қазан қаласында орналасқан Филология және мәдениетаралық коммуникация институтының Алғыс хаттары берілді.

Дарынымен дараланған талантты оқушыларымыздың қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық бәйгелерде қатарластарынан оза шауып, жүлделі орындарға қол жеткізуі – мектепте қолға алынып жатқан заманауи оқыту мен тәрбие үрдісінің нәтжесі екені даусыз. Республикалық «Айбын-2026» әскери спорттық ойынында Бақыт Нұрсұлтан 1-орын алса, кикбоксингтен Аяла Санатқызы Қазақстан чемпионатында екінші орынды еншіледі. Республикалық «Алтын түлек» олимпиадасынан 10-сынып оқушысы Айғаным Рысқұл 3-орын алды. 2-7-сыныптар арасында облыстық «Зерде» байқауынан Мерей Талғат, Азиз Сүйімбаев, Жанель Сардар, Айгүл Ахметжанқызы 3-орынды олжалады. 8-11-сынып оқушыларына арналған облыстық «Дарын» ғылыми жобалар байқауында Толғанай Сейітқазы 2-орынды иеленді. Пәндер олимпиадасында 6-сыныптан Сейтказы Айбар, 9-сыныптан Алима Көшекбай, 10-сыныптан Таснима Болатбек пен Сымбат Исабек үздік үштіктен көрінді. Сонымен қатар 11-сынып оқушысы Аружан Абдрахман Ә. Кекілбаев оқуының облыстық кезеңінде топ жарды. Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп оқуында Сымбат Исабек 1-орынға, Нұржібек Коммунар 2-орынға, Әлия Тәңірберген 3-орынға ие болды. Сол секілді Ілияс оқуында Камила Аманжол, Айбергенов оқуында Жанар Коммунар 2-орынды иеленді. Мектептің мың бұралған бишілері республикалық «Next» байқауында бірнеше бағыт бойынша бас жүлдеге ие болды. Мектептің білімге құштар, бәсекеге қабілетті талантты оқушылары көбейе түсіп, тек жетістіктерімен қуантып, биік белестерді бағындыра берсін дейміз.

Жыл сайын мектепте түрлі жобалар ұйымдастырылады. Мәселен, биылғы оқу жылында педагогтердің жасанды интеллект құралдарын тиімді әрі қауіпсіз қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған мектепішілік әдістемелік «NeoUstaz» жобасы қолға алынды. Сонымен қатар заманауи оқыту әдістерін зерттеу, тәжірибеде сынақтан өткізу және тиімді әдістерді мектеп тәжірибесіне енгізуге бағытталған «ӘдісFactory» және STEM арқылы пәндерді байланыстыратын «STEAMbridge» жобалары жүзеге асырылады. Бұл үш жоба бірігіп, мектептің «Заманауи педагог – тиімді әдіс – инновациялық оқушы» атты бірыңғай әдістемелік моделін қалыптастырады. Сонымен бірге оқушылардың экологиялық мәдениетін дамытуға бағытталған «Green School» жобасы да бастау алды. Еріктілік пен әлеуметтік жауапкершілікті дамытатын негізгі бағыттардың бірі болып отырған «Қамқор» жобасы аясында қайырымдылық акциялары, қоғамдық пайдалы жұмыстар оқушылардың бойында мейірімділік, жанашырлық, жауапкершілік пен азаматтық белсенділік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етуде. «Шабыт» жобасы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, «Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік және пікірталас мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Smart bala» жобасы инновациялық ойлау мен жаңа идеяларды қолдауға арналса, «Балалар кітапханасы» оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталуда. Аталған жобалар алдағы оқу жылының аяғына дейін жалғасын табады.

Тәрбие жұмысы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Жыл бойы оқушылардың бойына отансүйгіштік, адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік пен ынтымақ, жасампаздық сияқты құндылықтарды сіңіруге бағытталған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Бүгінгі күні «Заң мен тәртіп» қағидаты білім беру саласында да ерекше маңызға ие болып отыр. Осы орайда біздің ұжым заң талаптарының сақталуын, қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруды басты міндеттердің бірі ретінде қарастырады.

«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында түрлі жұмыстар ұйымдастырылып, ата-аналарға ұлттық құндылықтарды дәріптеу, балаға психологиялық қолдау көрсету және қауіпсіз орта қалыптастыру мәселелері түсіндіріледі. Отбасылық кездесулер, ата-аналар жиналыстары, жеке кездесулер, пікір алмасулар, тәрбиелік іс-шаралар өткізіледі. Мектеппен тығыз қарым-қатынас орнатып, тәрбие бағытында мұғалімдермен ынтымақтаса жұмыс істеп жүрген әкелер қатары көбейіп келеді. Ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесі педагогикалық ұжыммен ынтымақтастықта жұмыс істеуде. Ұрпақ тәрбиелеу – баршаға ортақ міндет. Сондықтан алдағы уақытта да білімді, тәрбиелі, отансүйгіш, еңбекқор әрі жауапты ұрпақ тәрбиелеу жолындағы жұмыстар жалғаса береді.

Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «SMART Teacher Qonaev» жобасы аясында «Жасанды интеллект: үйрену мен үйретудің жаңа тәсілдері» тақырыбында ашық алаңдағы шебер сыныптар мен ашық сабақтарда біздің мектеп педагогтерінің жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісінде қолданудың тиімді әдістері, тәлімгер мен жас маман жұмыстары аясында кәсіби қолдау мен тәжірибе сабақтастығының тиімді үлгілері ұсынылды. Жас мамандар мектебі «NeoUstaz» жобасы шеңберінде өз тәжірибелерімен бөлісіп, білім беру үдерісіндегі инновациялық ізденістерін таныстырды. Мұғалімдер күні қарсаңында «Smart Teacher Qonaev» жобасының қорытындысы шығарылып, қала әкімі Асхат Бердіханов біздің ұжымға «ЖИ идеялар генераторы» номинациясын табыс етті.

Заман ағымынан қалыс қалмай, ұлттық құндылықтарымыз бен қазақы болмысымызды сақтап, білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, ұрпақ тәрбиелеуді парыз санайтын, ұжым тарапынан атқарылып жатқан қыруар тірлікті санамалай берсек, оның бәрін бір мақала аясына сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан шәкірт тәрбиелеудегі ұтымды ісімен дараланған мектепте білім биігін бағындыру жолында жүзеге асырылып жатқан ілкімді істердің бір парасын ғана атап өттік.



Мира ӘБІКЕНОВА,
№3 орта мектептің директоры
Қонаев қаласы

ЖОБА

«Алматы облысының елдімекендерінің көшелерін күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасын бекіту туралы» Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 мамырдағы №232 қаулысына өзгеріс енгізу

Алматы облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Алматы облысының елдімекендерінің көшелерін күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасын бекіту туралы» Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 мамырдағы №232 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4258 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Алматы облысының елдімекендерінің көшелерін күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің осы қаулымен бекітілген сыныптамасының 19-тармағының 7) тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын:

«7) Топырақты және жақсартылған топырақты жабыны бар жолдардың жүру бөлігі бойынша:

материалдар қосу арқылы пайда болған шұңқырларды, колеяларды және басқа да тегіссіздіктерді жою мақсатында жол жабынын кескіндеу;

ірі тегіссіздіктер пайда болғанға дейін жүргізілетін профилактикалық іс-шара ретінде жол жабынын үтіктеу;

жолдарды хлорлы кальций, битум және басқа да материалдарды қолдану арқылы шаңсыздандыру;

қиыршықтасты жолдардың жүру бөлігін тұтқыр материалдарды қолдану арқылы шаңсыздандыру;

көшелердің техникалық санатын өзгертпей, шағалтасты және қиыршықтасты жол жабынын асфальтобетон жабынына ауыстыру».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысы әкімі **Ш. ӘРІНОВ**

ЖОБА

Алматы облыстық мәслихатының 2026 жылғы 25 ақпанындағы «Алматы облысында әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» № 46-260 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облыстық мәслихатының 2026 жылғы 25 ақпанындағы «Алматы облысында әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» № 46-260 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облыстық мәслихатының
2026 жылғы _____
№ ___ шешімнің қосымшасы
https://zan.gov.kz/client/#!/doc/222583/rus

Алматы облысында әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі

Ауданішілік, қалаішілік, қала маңы бағыттары:

№ п/п	Маршрут нөмірі	Маршрут атауы
Қонаев қаласы		
1	№ 2	«Қапшағай Ресурс» ЖШС мұнай базасы – 12 шағынауданы;
2	№ 3	АТК шағынауданы – «Қонаев қаласының көпсалалы қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
3	№4	«Строитель» бағбандық қоғамы – Қарлығаш шағынауданы;
4	№ 7	Сүзгі стансасы – 8-10 шығынауданы;
5	№ 8	2 желі – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «64192 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі – «Қонаев қаласының көпсалалы қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны;
6	№9	Қонаев қаласының автовокзалы – Заречный ауылы;
7	№10	Қонаев қаласының автовокзалы – Заречный ауылы;
8	№11	Қонаев қаласының автовокзалы – Шеңгелді ауылы – Сарыбұлақ ауылы;
9	№ 12	Қонаев қаласының автовокзалы – Арна ауылы;
Талғар ауданы		
10	№ 1	Талғар – 2 қалалық пошта байланысы бөлімшесі – Байбұлақ ауылы;
11	№ 2	«Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талғар аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны – Талхиз қалашығы;
12	№ 3	«Талғар-Спирт» ЖШС – Қызыл-Қайрат ауылы;
13	№ 4	Кірпіш зауыты – Талғар - 2 қалалық пошта байланысы бөлімшесі;
14	№ 5	Талғар - 2 қалалық пошта байланысы бөлімшесі – Талдыбұлақ ауылы;
15	№ 6	«Талғар-Спирт» ЖШС – Талғар бахтах шаруашылығы;
16	№ 7	«Арман» ықшамауданы – «Бүркіт» бағбандық қоғамы;
17	№ 8	Ақдала ауылы – Ақтас ауылы;
18	№ 9	Шымбұлақ ауылы – Нұрпейісов көшесі, Айвазовский көшесінің бұрышы;
19	№215	Талғар қаласы – Орман ауылы;
20	№218	Талғар қаласы – Орман ауылы;
Балқаш ауданы		
21	№ 1	Бақанас ауылы – Құйған ауылы;
22	№ 2	Бақанас ауылы – Қараой ауылы.
Қарасай ауданы		
23	№ 1	Қаскелен қаласының қалалық бағыты;
24	№ 2А	Қаскелен қаласының қалалық бағыты;
25	№ 3	Әйтей ауылы – Қаскелең қаласы;
26	№ 5	Жандосов ауылы – Қаскелең қаласы;
27	№ 6	Тұрар ауылы – «Алтын Орда» базары;
28	№ 7	Батан ауылы – «Алтын Орда» базары;
29	№ 8	Көлащы ауылы – «Алтын Орда» базары (Көлді, Жалпақсай ауылдары арқылы);
30	№ 9	Исаев ауылы – Қаскелең қаласы;
31	№ 11	Көлащы ауылы – Қаскелең қаласы (Жібек жолы ауылы арқылы);
32	№ 12	Көлащы ауылы – «Алтын Орда» базары (Жамбыл ауылы арқылы);
33	№ 13	Жандосов ауылы – «Алтын Орда» базары (Долан ауылы арқылы);
34	№ 14	Тұрар ауылы – Қаскелең қаласы (Үштерек ауылы арқылы).
Еңбекшіқазақ ауданы		
35	№ 201	Шелек ауылы – Есік қаласы;
36	№ 206	Шелек ауылының ауылішілік бағыты;
37		Есік қаласы – Бөлек ауылы;
38		Есік қаласы – Ақжал ауылы;
39		Есік қаласы – Амангелді ауылы;
40		Есік қаласы – Базаргелді ауылы;
41		Есік қаласы – Баяндай ауылы;
42		Есік қаласы – Қойшыбек ауылы;
43	№ 106	Есік қаласы – Бәйдібек би ауылы;
44	№ 7	Есік қаласы (орталық мешіт) – Талдыбұлақ ауылы;
45	№ 8	Есік қаласы (Бахтияр базар) – Төре ауылы;
46	№ 3	Есік саяжайлары – Алмалы ауылы;
47	№ 204	Шелек ауылы – Қорам ауылы;
48	№ 202	Шелек ауылы – Асы Саға ауылы;
49	№ 203	Шелек ауылы – Ақтоған ауылы;
50		Шелек ауылы – Қаражота ауылы;
51	№ 208	Шелек ауылы – Нұрлы ауылы;
52	№ 207	Шелек ауылы – Майлыбай ауылы;
53		Шелек ауылы – Нұра ауылы;
54		Шелек ауылы – Ащыбұлақ ауылы;
55	№ 2	Шелек ауылы – Майский ауылы.
Жамбыл ауданы		
56	№ 1	Ұзынағаш ауылы – Ынтымақ ауылы;
57	№ 2	Жаңа құрылыс ауылы – Ұзынағаш ауылы;
58	№ 3	Қайназар ауылы – Ұзынағаш ауылы;
59	№4	Ұзынағаш ауылы – Қарғалы ауылы
60	№5	Ұзынағаш ауылы –Дегерес ауылы
61	№6	Ұзынағаш ауылы – Бесмойнақ ауылы
62	№7	Ұзынағаш ауылы – Қазбек бек стансасы
63	№8	Ұзынағаш ауылы – Еңбекшіарал – Сарыбай би ауылы
64	№9	Ұзынағаш ауылы (ауылішілік);
65	№10	Ұзынағаш ауылы – Жамбыл ауылы;
66	№11	Ұзынағаш ауылы – Көккайнар ауылы.
Алатау қаласы		
67	№1	Алатау қала маңы бағыты;
68	№2	Алатау қала маңы бағыты
69	№304	Алатау қала маңы бағыты, Бәйдібек би ықшамауданы – Алатау қаласы
Іле ауданы		
70	№301	Төле би ауылы – Бархан кафесі (Бірінші май өндірістік аймақ)
71	№303	Кос өзен ауылы – Кенен Әзірбаев ауылы (Бархан кафесі)
72	№305	Шабыт ықшамауданы – Қазпошта аялдамасы (Бірінші май өндірісті каймақ)
73	№306	Шабыт ықшамауданы – Арман ықшамауданы
74		Геологов ықшамауданы – Водник ықшамауданы
Ұйғыр ауданы		
75	№ 1	Тәуелсіздік көшесі – Құдайбергенов мектебі;
76	№ 2	Ет комбинаты – «Южный» дүкені.
Ауданаралық маршрут		
77	№302	Арман ықшамауданы – Коктал ауылы
78	№307	Қаратоған ауылы – Конаев қаласы
79	№308	Айғаным ықшамауданы – К.Әзірбаев ауылы

Ескертпе: ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ!

Үміт отын жаққан



Әр баланың бойында ашылмаған бір әлем, танылмаған бір қабілет, қолдауды қажет ететін бір үміт бар. Сол әлемнің есігін ашып, баланың өз мүмкіндігін тануына көмектесу – үлкен жүрек пен кәсіби біліктілікті талап ететін жауапты міндет. Әсіресе ерекше қажеттілігі бар балалар үшін дер кезінде көрсетілген қолдау олардың болашағына бастар маңызды баспалдақ болмақ.

● Ақерке БИЖАН

Бала бойындағы кішкентай жетістіктің өзі – үлкен жеңістің бастауы. Осындай ізгі мақсатты ту еткен мекемелердің бірі – Райымбек ауданындағы «№13 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ. Мұнда әр баланың даму ерекшелігіне қарай жұмыс жүргізіліп, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, танымдық қабілетін жетілдіруге, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына және қоғамға бейімделуіне қолдау көрсетіледі.

Аудан орталығы Нарынқолда орналасқан мекеме 2021 жылы ашылған. Негізгі мақсаты – арнайы білім беру ұйымдарына баратын балаларды қоспағанда, 18 жасқа дейінгі психофизикалық дамуында бұзылысы бар балалар мен жасөспірімдерге кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, оларды жан-жақты қолдап, қоғамға бейімдеу. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтерге әдістемелік кеңес беру.

Аталған мекемеде 2021 жылдың желтоқсан айынан биылғы жылдың қазан айына дейін 240 балаға түзету-дамыту жұмыстары жүргізілген. Мұнда көбіне сөйлеу тілі тежелген балалар келеді. Осындағы білікті мамандардың арқасында қатарынан қалмай сөйлеп кеткен жеткіншектер жетерлік. №13 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің қызметкерлері тек тіл дамуының тежелуі ғана емес, сонымен қатар тірек-қимыл аппараты және мінез-құлық бұзылысы, аутизм сынды мәселелері бар балалармен де жұмыс істейді.

Фариза Рабатова жетекшілік ететін ұжымда әдіскер Жанна Әденова, логопед Баян Шалғынбаева мен Гүлден Бүкеева, музыкалық жетекші Маржан Қорабаева, дефектолог Эльмира Сәбитова, дене шынықтыру мұғалімі Нұрбек Сәрсембаев, медбике Айдана Сатыбалды, есепші Сабина Серіккызы, іс-қағаз жүргізуші Дәрия Абирова, шаруашылық меңгерушісі Мұрат Жұмаділов, сондай-ақ, Берікбол Шоқан, Серікбол Сапа, Нұрбек Егізбаев, Әсем Молдыбекова, Гүлдан Сапа сынды қызметкерлер еңбек етеді. «Қазіргі таңда бізге педагог-психолог маманы қажет. Сонымен қатар логопед және дефектологқа сұраныс жоғары», – дейді мекеме басшысы Фариза Серіккызы.

Бүгінде 45 балаға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетіп отырған мекеме Райымбек аудандық спорт мектебі жатақханасының бірінші қабатында орналасқан. Дегенмен әлеуметтік маңызы мекеменің кең әрі жеке ғимаратының болуы артық етпес еді. Себебі мамандарға деген сұранысқа байланысты қосымша кабинет қажет болатыны белгілі.

Қорыта айтқанда, «№13 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» мекемесінің бес жылға жуық уақыт ішінде атқарған жұмысы – бала тағдырына бейжай қарамайтын мамандардың табандылығы мен жанашырлығының айқын көрінісі.

Райымбек ауданы

ОҚИТЫН ҰЛТ

Кітаппен дос бол!

Кітап оқу – адамның ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын қалыптастыратын, рухани байлығын арттыратын маңызды құндылықтардың бірі. Кітаппен дос болған адам ешқашан білімнен кенде болмайды. Өйткені кітап – ақылдың кені, білімнің бұлағы, тәрбие мен тағылымның қайнар көзі.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ақпарат ағыны күн санап артып келеді. Әлеуметтік желілер мен заманауи технологиялар өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Дегенмен электронды ақпарат қаншалықты қолжетімді болса да, кітаптың адам өміріндегі орны ерекше. Кітап оқу адамды терең ойлауға, ізденуге, сауатты сөйлеуге және ойын еркін жеткізуге үйретеді.

Ел болашағы – білімді ұрпақтың қолында. Ал білімді ұрпақ қалыптастырудың негізгі жолдарының бірі – балалар мен жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Балаға кішкентай кезінен кітап оқуды үйрету, көркем әдебиетке баулу – ата-ана мен ұстаздың ғана емес, кітапханашылардың да міндеті. Осы орайда «Кітап оқитын ұлт» жобасының маңызы зор. Жобаның басты мақсаты – қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, оқырман санын арттыру, ұлттық әдебиет пен рухани мұраны кеңінен насихаттау. Бұл бағытта кітапханаларда түрлі кештер, кітап көрмелері, конференциялар, пікір алмасу кездесулері, әдеби сағаттар мен танымдық шаралар ұйымдастырылуда.

Кітапхана – тек кітап сақтайтын орын емес, ол – білім мен мәдениеттің, руханият пен тәрбиенің ордасы. Кітапханашының басты міндеті – оқырманды кітап әлеміне жетелеу, әр адамның жүрегіне рухани азық сыйлайтын шығарманы ұсына білу. Әсіресе жастардың кітапқа деген сүйіспеншілігін оятып, олардың тұрақты оқырман болып қалыптасуына ықпал ету.

Қазақ әдебиетінің алтын қорындағы Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов, Ілияс Есенберлин, Әбіш Кекілбайұлы, Төлен Әбдік сынды қаламгерлердің шығармалары – ұрпақ тәрбиесінде ерекше орын алатын рухани мұра. Олардың туындылары арқылы оқырман туған елін сүюге, адамгершілікке, ізгілікке, адалдық пен парасаттылыққа тәрбиеленеді.

«Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деп ұлы Абай айтқандай, кітап оқуға жұмсалған уақыт ешқашан зая кетпейді. Күнделікті аз да болса кітап оқуды әдетке айналдырған адам рухани тұрғыдан байып, өмірге деген көзқарасын өзгертеді.

Кітап оқитын ұлт болу – бір күндік науқан емес, барша қоғамның ортақ мақсаты. Ол үшін әрбір отбасында кітап оқу дәстүрі қалыптасып, мектеп пен кітапхана осы игі бастаманы қолдауы қажет.

Кітап оқитын ұлт – саналы ұрпақтың, парасатты қоғамның және кемел келешектің кепілі. Ендеше, кітапты серік етіп, білімге ұмтылып, рухани бай ұлт қалыптастыруға атсалысайық!

Кітап оқып, ойымызды байытайық, ұлт болашағына үлес қосайық!

Әсел САҒЫНАЕВА,
Тоғызбұлақ ауылдық кітапханасының қызметкері
Кеген ауданы

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

Туберкулездің алдын алу жолдары

Туберкулез – өкпе және лимфа түйіндерінде қабыну тудыратын жұқпалы ауру. Ол тек өкпені ғана емес, сүйек, бүйрек, ми, тері және көз сияқты адам ағзасының басқа да мүшелерін зақымдауы мүмкін. Алайда ең жиі кездесетін түрі – өкпе туберкулезі.

Ауру жұқтырудың басты көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын адам. Науқас жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде микробактериялар ауаға таралып, шаңмен түрлі заттардың бетіне түсіп, ұзақ уақыт сақталуы мүмкін.

Туберкулезге адамдар ғана емес, жануарлар: сиыр, ешкі, бұлан, бұғы, түйе де шалдығады. Ауру малдың сүті немесе еті ауру жұқтырудың көзі болып саналады.

Егер науқас барлық гигиеналық талапты сақтаса, айналасындағыларға ауру жұқтыру қаупі азаяды. Туберкулезге шалдыққан адамның баласы сау болып туады. Дегенмен сақтық шараларына селқос қарайтын болса, балаға жұғуы мүмкін. Науқаспен ұзақ қарым-қатынаста болу да жұқтыру қаупін күшейтеді.

Туберкулезге шалдығуға дұрыс тамақтанбау, уақытында ұйықтамау, күйзеліс, маскүнемдік, шылымқорлық, нашақорлық сияқты факторлар әсер етеді. Аурудың мынандай белгілері болады: екі аптадан ұзақ жөтелу, тез шаршау мен әлсіздік, дене салмағының төмендеуі, ұзақ уақыт дене қызуының көтерілуі, түнгі уақыттағы тершеңдік, кеуде қуысының ауруы, қан қақыру.

Туберкулезді балалар арасында манту сынамасын жасау, ал ересектерде рентгенологиялық (флюорографиялық) тексеру арқылы анықтайды.

Аурудың алдын алу жолдарына тоқталсақ, балаларға Кальметта Герен бацилласымен (БЦЖ) туберкулезге қарсы екпе салынады. Сонымен қатар халықты (жасөспірімдер мен ересектер) жыл сайын флюорографиялық тексеруден өткізу қажет. Салауатты өмір салтын сақтау да маңызды. Дәрумендерге бай тағамды тұтыну, жеткілікті және уақытылы ұйықтау, жыл мезгілдеріне қарамастан таза ауаға жиі шыққан дұрыс. Қолды, ыдысты тазартқыш құралдарын пайдалану арқылы жуу, бөлмені жиі желдету, ет пен сүт тағамдарын міндетті түрде термиялық өңдеуден өткізу, гигиеналық дербес құралдар мен ыдысты қолдану сияқты жеке гигиеналық талаптарды сақтау керек.

Туберкулез – қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан әрбір адам аурудың алдын алып, жұқпалы дерттің таралуына жол бермеу қажет. Денсаулықты сақтау – өз қолымызда!

Бексұлтан ОСПАНОВ,
Талғар аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

«ПОЭЗИЯ ПАТШАЛЫҒЫНДА»



Айтыстың АЙТАҚЫНЫ

Қарасаздағы Мұқағали Мақатаевтың әдеби-мемориалды музейінде «Поэзия патшалығында» жобасы аясында әдебиет әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған қаламгерлермен кездесу дәстүрге айналған. Бұл жолғы жүздесудің қадірлі қонағы белгілі айтыскер ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айтақын Бұлғақов болды.

● Ақерке БИЖАН

Бүгінде Айтақын Бұлғақов өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған танымал айтыс ақындарының біріне айналды. Осы уақытқа дейін 300-ге жуық сөз сайысына қатысып, талай рет жүлделі орындарға ие болған. Осылайша өнер иесі халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп келеді.

Ақынның кездесудегі сабырлы кейпі жан сүйсіндіреді. Дегенмен Айтақын ағаның айтыс сахнасындағы бейнесі өзінше бөлек. Кезінде атам мен әжеме қосылып, мәнін толық ұғынбасам да, айтысты жиі көретін едім. Сонда Айтақын Бұлғақов экран артындағы көрерменнің делебесін қоздырып, бойға ерекше қуат беретін. Әлі есімде, атам құдды бір жүйрігі бәйгеге шапқандай тақымын қысып отыратын. Айтыскер ақын Бөрібай Оразымбет: «Айтақын сахнаға шыққан кезде бөлек, арқасы қозып кете ме, қазақшалап айтқанда, Айтақында әруақ бар» , – деп ақынның айтыстағы келбетін айшықтай түседі. Бұл бойдағы тасыған өнердің, сөз құдіретінің қуаты болса керек. Аға буын өкілдері Айтақын Бұлғақовты айтыстың ерен жүйрігі деп жақын таныса, біздер ақынның ұлы Жандарбек Бұлғақовтың отты жырларымен сусындап өстік.

Ақын жайлы сыр шертіліп, өнердің қадір-қасиеті кеңінен сөз болған әдеби кешті айтыскер ақын Айбек Ережеп жүргізді. Тағылымды шараға облыстық музейлер бірлестігінің директоры Талғат Келімбетов, Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық филиалының жетекшісі Ержан Тоқтар, Қарасаз ауылының әкімі Ұлан Сәрсенбаев, ақын-жазушылар Сәлім Жусанбаев, Шеризат Мекебаев, Әбдіш Сұлтанаев, мектеп оқушылары мен мұғалімдер қатысты. Талғат Келімбетов өнер иесіне ізгі тілегін білдірді. Сондай-ақ Сәлім Жусанбаев, Шеризат Мекебаев, Әбдіш Сұлтанаев та ой-пікірлерін ортаға салып, Айтақын Бұлғақовтың ақындық болмысына кеңінен тоқталды.

Айтақын ағамыз: «Айтыс ол да театр сынды, халықты өзіңе тарта отырып, елдің әлеуметтік мәселесін көтересің. Қарсыласыңмен көкпар тартқандай тартысып, күлдірту керек болса күлдіртіп, жылату керек болса жылатасың», – дейді.

Қарасаз ауылының жастары кеш иесіне арнайы кәдесый дайындап, ақын өлеңдерін оқыды. Қонақтар музей жәдігерлерімен танысып, Мұқағалидың сырлы әлеміне бойлады.

Кездесу барысында ақынның тыңдарманға деген ерекше ықыласы мен жүрек жылуы айқын аңғарылды. Әңгіме арасында көңілі босап, көзіне жас та алды. Айтақын ағаның ауыр сырқатты бастан өткергені бәрімізге белгілі. Бүгінде қиындықтар артта қалып, халқымен қайта қауышып отырғанының өзі бір ғанибет! Бұл жүздесу өмірге құштарлық пен қайсарлықтың, өнерге деген шексіз сүйіспеншіліктің өнегесі болды.

Райымбек ауданы

ЖАРАЙСЫҢ!

ТАЛҒАРДАН ШЫҚҚАН ЧЕМПИОН

Талғар ауданы Кеңдала ауылында туған қайсар мінезді қаршадай қыз Әнел Тәшбай Сенегал астанасы Дакарда өтіп жатқан IV жасөспірімдер арасындағы жазғы Олимпиада ойындарында тас жолдағы велоспорттан чемпион атанды. Көк Туымызды желбіретіп, Әнұранымызды әуелетті.

● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ

Әрине, кез келген жеңіс оңайлықпен келмейді. Ол – ұзақ жыл бойы ерінбей еткен еңбек пен төгілген тердің, спортқа деген құштарлықтың, туған елін әлемге әйгілі етсем деген асқақ арман мен мақсатты ұмтылыстың нәтижесі. Бұл – әкенің қаны, ананың сүтімен берілген қасиеттің, тәрбиенің жемісі. Мұнда «болайын деп тұрған баланың бетін қақпа, белін бу» дегендей, қаршадай қыздың бойында қайсар мінез, қажымас қайрат бер екенін байқаған бапкердің еңбегі, ел батасының қабыл болуы деген сөз.

Әнел тас жолдағы велоспорттан жеке жарыста тиісті қашықтықты 11 минут 32,57 секундта жүріп өтіп, үздік нәтиже көрсетті. Сөйтіп, мәре сызығын екінші орынды иемденген Каролина Хайдуковадан – 5.05, үшінші орындағы Ангелина Новолодскаядан – 11.08 секунд бұрын кесіп өтті.

Қуанышты хабарды естігеннен кейін су жаңа Олимпиада чемпионының жақындары мен Талғар қаласындағы Андрей Кивилев атындағы велоспорт бойынша мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер олимпиадалық резерв мектебіне хабарласып, құттықтауымызды жеткіздік әрі бір-екі ауыз Әнел жайлы айтып беруін өтіндік.

– Тілек-ниетіңізге рахмет! 2009 жылы дүниеге келіп, Кеңдала аулындағы №36 мектепте білім алған Әнел кішкентайынан спортқа қызығып өсті. Алғашында волейбол, дзюдо және бимен айналысты. Ал 12 жасында велоспортпен шұғылдана бастады. Жаттығудан қалған емес. Соның арқасы шығар, бұдан бұрын да талай жетістікке жеткен.

«Баласы атқа мінсе, анасы үйде отырып тақымын қысады» демекші, ол жарысқа кеткенде біз мына жақта тілеуін тілеп, қобалжып отырамыз. Әнелдің жеңісі – тек біздің әулет, аудан, облыс үшін ғана емес, бүкіл еліміз үшін зор мақтаныш, – деді әпкесі Дина Тәшбай.



Ал олимпиадалық резерв мектебінің басшысы Сергей Третьяков Әнелдің алғашқы бапкерлері Сергей Цуканов пен Владимир Бушанскийдің еңбегі зор екенін айтты.

– Дәл осы азаматтар қыз баланың бойындағы спортқа деген ептілік пен табандылықты жазбай танығанына тәнті боласың. Әуелгі кезде біз тәрбиеледік. Қазір Әнел Алматы қаласындағы Кәркен Ахметов атындағы Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжіне оқып жүр. 2023 жылы Қазақстан чемпионы болса, 2025 жылы Манамада өткен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында топ жарды. Биыл Сауд Арабиясында өткен сайыста жеңіс тұғырына көтерілді. Бұйыртса, әлі ересектер арасындағы талай сайыстың жеңімпазы атанады деп сенемін, – деді Сергей Третьяков.

Талғар ауданы

ЖАНЫНДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Азамат абыройы – елге сіңген еңбегінде!



Әр қоғамның дамуы оның белсенді азаматтарына байланысты. Ел үшін еңбек ету, жұртқа көмектесу, айналасына жақсылық жасау үлкен жүректілік пен жауапкершілікті, адамгершілікті талап етеді. Кейбір адамдар өз еңбегін, елге жасаған жақсылықтарын жария етпейді. Бірақ олардың жасаған игі істері қоғам өмірінде үлкен өзгеріс әкеледі. Ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген осындай азаматтың бірі Ержан Байболатов дер едік.

Қазіргі қоғамда мейірімділік, бір-біріне деген қайырымдылық азайып бара жатқандай көрінеді. Кеше ғана қызметке отырған жастардың ертесінде танымай, бастарын кекжитіп, мұрындарын шүйіріп шыға келетін әдеттеріне қарап, таң қаламыз. Маған, өз басыма адамның қызметі, атақ-беделі емес, олардың қарапайымдылығы, адамгершілігі, адамды адам ретінде, дос-жолдас ретінде қабылдайтыны ұнайды. Мен білетін Ержан Мекенбайұлы – сондай жан. Білікті, білімді, кез келген адаммен сөйлесіп, тіл табысып кететіні жақсы ортадан шыққанын көрсетіп тұрады. Адамгершілігі мол, парасатты, сөзі мен ісі үйлескен, жауапкершілігі жоғары азамат. Халықтың мұң-мұқтажын түсініп, ел мүддесін жоғары қоятын тұлға. Әділдікті ту еткен, ұстанымы берік азамат. Қарапайымдылық пен кішіпейілділікті қатты қадірлейтін мен үшін де, ел үшін де осы жігіттің сыйы бөлек. Үстіндегі аппақ көйлегіндей жүрегі де тап-таза жігіт. Халықпен етене араласып, әрбір азаматтың пікіріне құрметпен қарайды. Жоқ-жітікті тыңдай біледі, көмек қолын да аямайды. Елдің дамуына үлес қосуды азаматтық парызы санайды. Қайда қызмет істесе де, биліктен гөрі халық мүддесін бірінші кезекке қояды. Негізгі ұстанымы – ел сенімін ақтау, халықтың үнін есту, олардың мүмкіндігінше мүддесін қорғау және нақты мақсатқа бағытталған жұмыс жүргізу, ел игілігі жолында адал қызмет ету. Оның азаматтық болмысы, елге деген жанашырлығы, іскерлігі, адамгершілігі мені қатты таңқалдырып келеді.

Газ – қала тіршілігінің маңызды күретамыры. Әр шаңырақтың жылуы, әр отбасының жайлылығы осы саланың үздіксіз жұмысына байланысты. Осындай жауапкершілігі мол салада басшылық қызмет атқарып жүрген Ержан Мекенбайұлының кәсіби қызметі мен қоғамдық өмірге араласуы айтуға тұрарлық. Оның қарапайымдылығы, іскерлігі, ел мәселесіне бейжай қарамауы – нағыз ел сенім артқан азаматқа тән қасиет.

Адамның азаматтық болмысы оның атқарған қызметімен ғана емес, айналасына жасаған жақсылығымен, елге деген жанашырлығымен, халық алдындағы жауапкершілігімен өлшенеді. Қай ортада жүрсе де, қарапайым қалпынан айнымай, іскерлігімен танылып, көпшілікпен тіл табыса білетін жандар болады. Ержан Мекенбайұлы – осындай азаматтық қасиеттерімен сипатталатын тұлғалардың бірі.

Ержан Мекенбайұлы 2008 жылы Оңтүстік Қазақстан экономика және статистика колледжін «Экономист. Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша тәмамдады. 2012 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Экономика» бағытын «Бухгалтерлік есеп» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесімен аяқтады. Жиырма жыл құрылыс саласында басшылық қызметтер атқарды. 2024 жылдан бастап «Қапшағай өңірлік газ желілері» ЖШС бас директорының орынбасары қызметін атқарып келеді.

Қонаев қаласында газ саласына жетекшілік ету – үлкен жауапкершілік жүктейтін қызмет. Басшылық қызметтегі басты тәжірибесі ұжымды бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарардай ортақ мақсатқа жұмылдырып, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге бағыттап келеді. Өйткені газ – қала тіршілігінің күретамыры, әр шаңырақтың жылуы мен жайлылығының кепілі. Бұл салада басшылық жасау тек ұйымдастырушылық қабілетті ғана емес, табандылықты, талапшылдықты, ел алдындағы жауапкершілікті де қажет етеді.

Ержан Мекенбайұлының бойындағы іскерлік пен қарапайымдылықтың қатар жүруі, адамдармен ортақ тіл табыса білуі, ел ішіндегі мәселелерге бейжай қарамауы – оның азаматтық қырын танытатын қасиеттер. Қонаев қалалық мәслихат депутаттығына ұсынылуы да оның қызметі мен қоғамдық жауапкершілігіне байланысты болып отыр. Депутаттық қызмет – атақ немесе мәртебе ғана емес, халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, қала өміріндегі өзекті мәселелерді талқылауға қатысатын үлкен қоғамдық міндет.

Қонаев қаласының өркендеуі, тұрғындардың тұрмыс сапасы, инфрақұрылымның дамуы, халыққа қолайлы орта қалыптастыру – шаһар өміріндегі маңызды тақырыптар. Осындай мәселелерді ашық талқылау, тұрғындардың ұсыныстары мен пікірлеріне құлақ асу – жергілікті өкілді орган жұмысының мәні. Азаматтың қадірі – лауазымында емес, елге деген ықыласында. Ал елдің сенімі нақты іспен, ашық қарым-қатынаспен және жауапкершілікпен қалыптасады. Оның кәсіби қызметі мен қоғамдық жолы алдағы уақытта да Қонаев қаласының тыныс-тіршілігі аясында бағамдалатын болады. Ержан Мекенбайұлының ел игілігі жолындағы еңбегі жана берсін!

Газдың сары құбырларын көрсем, өткен өмірім, бала кездерім, арқасына қап салып арқалап, отын әкелетін анам, жалпы сол кездегі ауыл әйелдері көз алдыма келе қалады. Газ жағып, шалқып отырған біздің кезімізге неге олар жете алмады екен деп ойлайсың. «Шаңырақтың шырағы» деген өлеңімді де сол үшін жазған шығармын?!

Шаңырақтың шырағы

Газсыз күн жоқ, шаңырақтың шырағы,
Отбасында от бірінші тұрады.
Ешқашанда ошағымыз өшпесін,
Қаламыздың таусылмасын бұлағы.

Әрбір үйге шуақ болып кіреді,
Әр шаңыраққа не керегін біледі.
Оты да осы, жылуы да газбенен,
Адамдармен бірге өмір сүреді.

Көше бойы ұзын сары «тұрбалар»,
Сол «тұрбамен» жылжып аққан жылғалар.
Сарқылмасын,
Лаулап тұрса отымыз,
Сәбилердің пәк жанары нұрланар!

Әр пәтерге жылу болып кіреді,
Қиналмай ел оңай өмір сүреді.
Көмір, тезек, күл-қоқысын қоқсытпай,
Жылу сыйлап үйіңізде жүреді.
Газсыз өмір өмір емес бүгінде,
Газ дегенің – адамдардың жүрегі!

Алтыншаш ЖАҚИЯНОВА,
жазушы,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты
Қонаев қаласы

АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Ерлан ЖҰРЫНБАЕВ

Бас редактор:
Қуаныш ТҰҢҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

Веб-сайт редакторы:
Алтынай СЕЙІТКЕН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25
Райымбек ауданы – Ақерке БИЖАН 8 771 847 37 26

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Жанар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Алматы қаласы, С. Мұқанов көшесі, 223«В» үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.
Тапсырыс – 2655

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – **12 000,** оның ішінде,
«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – **7 823.**
Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ